

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

А.Қ.Жұбанов, А.Ә.Жаңабекова,
Д.Тоқмырзаев, Б.Өтегенова

ҚАЗАҚ АУЫЗША ТІЛ МӘТІНДЕРІНІҢ ЖИЛІК СӨЗДІГІ

«Елтаным баспасы»
Алматы 2020

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2-923

Қ17

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының Ғалымдар кеңесі ұсынған

*Р БҒМ Ғылым комитетінің 2020 ж. арналған
«Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын
жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу»
жобасы аясында шықты*

Редактор:

Е. ҚАЖЫБЕК, фил. ғыл. докторы, проф.

Пікір жазғандар:

Қ. КҮДЕРИНОВА, фил. ғыл. докторы, доцент

А. ФАЗЫЛЖАНОВА, фил. ғыл. канд.

Т. ЕРМЕКОВА, фил. ғыл. докторы, проф.

Жауапты шығарушылар:

Г. ТЛЕГЕНОВА, PhD-докторант,

Б. ҚАРБОЗОВА, PhD-доктор,

К. ПИРМАНОВА, PhD-докторант

Құрастырушылар:

А. ЖҰБАНОВ, фил. ғыл. докторы, проф;

А. ЖАҢАБЕКОВА, фил. ғыл. докторы;

Д. ТОҚМЫРЗАЕВ, программист;

Б. ӨТЕГЕНОВА, магистрант

Қазақ ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздігі. – Алматы:
«Елтаным баспасы», 2020. – 168 б.

ISBN 978-601-7849-32-0

Оқырман назарына ұсынылып отырған қазақ ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздігі қазақ тіл білімінің лингвостатистика саласының теориялық мәселелерін толықтырады. Сонымен қатар тілдік құбылыстарды зерттеу мен анықтауда нақты статистикалық ақпараттар береді. Әсіресе, қазақ жазуын латын графикасына көшіру ісінде, атап айтқанда емле, орфография ережелерін жазуда фактологиялық дереккөз болып табылады. Сөздікте қазақ тіліндегі тілдік бірліктердің түр-түрі қамтылғандықтан, ғылыми-зерттеу жұмыстары ғана емес, оқу-әдістемелік жұмыстар үшін де маңызды. Сөздікті тілші-мамандар, студенттер, магистранттар, докторанттар пайдалана алады.

ISBN 978-601-7849-32-0

© Құраст., А.Қ.Жұбанов,
А.Ә.Жаңабекова..., 2020

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде қазақ лексикологиясының аса бір маңызды мәселесінің бірі – қазіргі қазақ тілінің қолданыстағы лексикалық жүйесінің шекарасын айқындау. «Қазақ тілінің жиілік сөздіктері», ең алдымен, жиі қолданыстағы сөздік қорымыздың шекарасын анықтап алу үшін өте қажет. Жиілік сөздіктерді құрастыру ісі, басқа да лексикографиялық еңбектер сияқты, әр кезеңде де әртүрлі теориялық және қолданбалы бағыттардағы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін маңызы зор өзекті тақырыптардың бірі болып келеді.

Сөздердің тілімізде қолданыс табуы кездейсоқтық оқиға деп есептесек, оның заңды не заңсыз құбылыс екендігі тек ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика әдістері арқылы ғана анықталады. Тек осы ғылымдар саласы ғана қайталанатын және біркелкілік сипаттағы құбылыстармен шұғылдана алады. Сөздік қор мәселесін зерттеу барысында тілге әсер ететін қалам иесінің (автордың) әлемге деген көзқарасының барлық жақтары – әлеуметтік, тұрмыстық жағдай ерекшеліктері және т.б. бірдей ескерілуі тиіс. Себебі олар лексикалық қорға өз таңбасын қалдырумен бірге, тілді статистикалық жолмен зерттеудің қол жеткізер нысанына айналады.

Ана тіліміздің немесе басқа да туыстас (не туыстас емес) тілдердің әр стильдік мәтіндеріне қатысты жасалған жиілік сөздіктер сол тілдің лексикалық құрылымын терең зерттеуде, лексиканың жалпы функционалдық стильге ортақ бөлігін ажыратуда септігі мол. Сондай-ақ, жалпы халықтық лексиканың, кірме сөздер мен терминдердің, неологизмдердің және басқа лексикалық топтардың тілдің жалпы лексика жүйесінен алатын орны жөнінде де жиілік сөздік бойынша көптеген сандық және сапалық мәліметтер алуға болады. Сөздердің саны мен тұлғалары арқылы тілдің лексикалық байлығы мен стильдік ерекшеліктері анықталады.

Жиілік сөздіктердің статистикалық деректері қазақ тілінің лексикалық құрамын жан-жақты зерттеуде салыстырмалы талдауды жүзеге асыруға, сөз табына қатысты нақты фактологиялық мәліметтер беруге, тұтастай алғанда, қазақ тілінің көптеген теориялық мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады.

70-жылдары Қ.Бектаевтың басшылығымен және жетекшілігімен А.Қ.Жұбанов, С.Мырзабеков, А. Белботаев, Ә.Ахабаев т.б. зерттеушілер жиілік сөздіктер құрастыру ісімен айналыса бастады. Абай тілі сөздігінің жиілік сөздігі, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексінің жиілік сөздіктері, сонымен қатар, ертегі тілінің, публицистика тілінің, математика терминдерінің жиілік сөздіктері жарық көрді.

Қазақ тілінде соңғы кездері заманауи мәтіндер бойынша жиілік сөздіктер құрастырылып, жарық көргенімен, ауызша тілдің жиілік сөздігі алғаш рет жасалып отыр.

1 АУЫЗША ТІЛ МӘТІНДЕРІНІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІГІН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Жиілік сөздіктер жасауда алынған мәтіннің құрамына қарай бір тілдің жиілік сөздігі немесе қандай да бір ақын-жазушының жиілік сөздігі немесе қандай да бір стильдің жиілік сөздігі болады. Бұл аталғандар жазба тілдің мәтіндері бойынша жасалатын болса, жиілік сөздіктерді ауызша тілдің мәтіндері бойынша да құрастыруға болады.

Бір тілдің жиілік сөздіктерінде, мысалы, қазақ тілінің жиілік сөздігінде, сол тілдің лексикалық қабатын құрайтын, яғни толық қамтитын барлық стиль мәтіндері қамтылады.

Жиілік сөздіктерді белгілі бір стиль түрінен да жасауға болады. Мұндай жиілік сөздікке сол стильдің мәтіндері ғана алынады. Мысалы, ғылыми мәтіндердің жиілік сөздігі немесе көркем стильдің жиілік сөздігі т.б. Кейде қандай да бір ғылым саласының өзі (мысалы, математика, химия т.б.) де нысанға алынуы мүмкін, мысалы, қазақ тілінде математика мәтіндерінің жиілік сөздігі құрастырылған.

Сонымен қатар белгілі бір жазушы тілінің жиілік сөздігін алу да маңызды. Қазақ тілінде мұндай жиілік сөздіктің ең үлкені – М.Әуезовтің 20 томдық шығармалары бойынша жасалған жиілік сөздік. Одан басқа «Абай тілінің сөздігі» әрі түсіндірме сөздік, әрі реестрге алынған сөздердің Абай шығармаларында қанша рет кездесетіні туралы статистикалық мәліметтер беріліп отырады. Сол

сияқты Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесінің жиілік сөздігін де атап айтуға болады.

Жиілік сөздік жасаудың тәжірибесінде оны үш типте (Өліпбилі-жиілік сөздік, Жиілікті-әліпбилі сөздік, Кері-әліпбилі жиілік сөздік) түзу дәстүрлі әдіске жатады. Сонымен қатар стильдердің бәрін қамтып беретін үлестірімді (распределительный) деп аталатын да түрі бар.

Жиілік сөздікті алу жұмыстарын мынадай кезеңдерге бөліп көрсетуге болады:

1-кезең. *Мәтіндік базаны жинақтау.* Мәтіндік базаға негізінен ауызша түрде ауызекі тілдесімнен таспаға жазылып алынған, сол сияқты интернет желісіндегі аудио және видеожазбалар, телеарналардағы сұхбаттар, әртүрлі шоу-бағдарламалар т.б. алынды. Олар жиілік сөздік алу үшін қолдап қағазға түсірілді. Ауызша тілден қағазға түсірілгендегі мәтін көлемі **50 мың** сөзқолданыстан асады.

Ауызша тіл мәтіндерін қазақ тілінің барлық стильдеріне қатысты жинақтау жоспарланған болатын. Алайда кейбір стиль түрлеріне қатысты көркем стильдің ауызша формасын табу қиындық тудырды. Сол сияқты ресми стильдің ауызша формасында мәтіндер көлемі аз болды. Жинақталған мәтіндер негізінен ауызекі сөйлеу тілі, конференция, кездесу мәтіндері болып келді. Осылайша барлық стильді қамтымайтындықтан және жинақталған мәтіндердің арасалмағы (көлемі) әртүрлі болғандықтан, жиілік сөздіктің барлық стильді қамтитын үлестірілімді (распределительный) жиілік сөздік түрі жасалмады. Яғни жинақталған мәтіндерді стильге жіктеп беру мүмкін болмады.

Жиілік сөздікке алынған мәтіндер (*дереккөздер*) мыналар:

- отбасы, дастархан басында, демалыс уақытында үйде жазылған әңгімелер;
- телефонмен сұхбаттар;
- серуенде, көшеде айтылған әңгімелер;
- студенттер арасындағы әңгімелер;
- студент, мұғалім арасындағы талқылаулар, жиналыс;
- отырыстар кезінде жазылған әңгімелер;
- инстаграм желісінде жазылған тікелей эфирлер;
- жастар арасындағы еркін сұхбаттар;

- достар кездесуі;
- «Ұят емес» бағдарламалары;
- «*Дау-дамай*» бағдарламасы;
- «*Ашық алаң*» бағдарламасы;
- «*Оңай емес*» бағдарламалары;
- Бибігүл апа әңгімесі;
- «Жүрек тынысы» бағдарламалары;
- Алмас ақын, Құралай ханым жастармен сұхбаттары;
- Қызғалдақ апайдың конференциядағы сөзі;
- *Марғұлан ағамен кездесу*;
- Қ.Жұбанов конференциясы;
- Әбдуали Қайдар конференциясы;
- Жас ғалымдар конференциясы;
- *Қаралы жиын*;
- *мектептегі жиналыс*;
- *латын әліпбиін талдау жиналысы*;
- *ҚазҰУ конференциясы*;
- *жалпы жиналыс*;
- *Азаттық тв жаңалықтары*;
- *мұражай, әуежайда айтылған әңгімелер*;
- *Құралай ханым әңгімелері, кездесулер, сұхбат*;
- *той, қырық су кезінде үлкен кісілер мен қонақтар арасындағы әңгімелер*;
- *үлкен кісілер, әженің әңгімелері*.

2-кезең. 50 мың сөзқолданыстан тұратын ауызша тіл мәтіндерін **техникалық түзетуден өткізу**. Бұл істе жинақталған мәтіндер ең алдымен, әріп қатеге тексерілді. Өйткені қате сөздер жиілік реестрінде түсініксіздік тудырады да жазылу пішініне қарай жеке реестр сөз ретінде беріліп, жиілік саны дұрыс варианттағы сөзге қосылмай қалады. Әсіресе, қолдап қағазға түсірілген мәтіндерді тазарту біршама көп қол жұмысын қажет етеді. Мәселен, жазба мәтіндер көбіне редакцияланған кітаптар, журналдар болып келеді, ал ауызша тіл мәтіндерін жазба тіл мәтіндеріне айналдыру біршама уақыт алады.

3-кезең. Тазартылған қара мәтін парадигмалық қатармен әліпби ретімен ХL-парақшаға түсірілді. Бұл парақшада сөздер түбір тұлғасында емес, түрленген формада тұрады (сөзформа/сөзтұлға).

Бұл нұсқада сөзформалардың мәтінде кездесу жиілігі екінші бағанда сөздің жанында көрсетіледі. Бұл жұмыс арнайы программамен жүзеге асады. Түбір сөздердің жиілік сөздігін алу үшін алдымен сөзформалар сөздігі жасалатындықтан, біз зерттеу жұмысымызда алдымен ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформалардың жиілік сөздігін құрастырдық. 2-тарауда бұл сөздікке де статистикалық талдаулар жасалды.

Жиілік сөздіктегі екінші техникалық тазалау осы әліпбилі жиілік сөздікте жасалады.

4-кезең. Берілген сөзформалар тізімінен жалқы есімдер, қысқарған сөздер, орысша жазылған сөздер алынып тасталады, яғни бөлек файлға жинақталады. Өйткені жалпы сөздік жасау ісінде онимдер берілмейді. Сондықтан жалқы есімдер жиілігі жеке дара жиілік сөздіктің соңынан берілді. Осындай жиілік сөздіктің лексикалық қабатын сұрыптап, олардың жиілігін анықтағаннан кейін, 2-тарауда ауызша тіл мәтіндерінде кездескен төл сөздер, оним сөздер, орыс сөздері, қысқарған сөздер, термин сөздердің мәтінді қамту пайыздарын шығардық.

5-кезең. Жиілік сөздік алдымен сөзформалардың тізімінен жасалады. Ал сөздердің (түбір тұлғаның) жиілік сөздігін жасау үшін сөзформалар түбірге келтірілуі керек болады. Мұны тілде лемматизация, түбірге келтіру деп атайды. ХL-парақшада жиілігі қоса берілген тізімдегі сөзформалар түбірге келтіріліп, олардың жиілігі қолдап қосылып отырды. Мұндай лемматизацияны автоматты морфологиялық анализаторлар арқылы да жасауға болады. Алайда автоматты лемматизациядан көбіне қате кетеді, сондықтан түбірге келтіру қолдап жасалды.

6-кезең. Сөздердің жиілік сөздігінде олардың сөз таптарына қатысын көрсету де маңызды. Жалпы сөздік құрастыру тәжірибесінде сөздердің сөз табы қысқартылып беріледі. Осы орайда біз келесі кезеңде түбірге келтірілген сөздерге қолдап сөз табына қатысына қарай белгі қойып отырдық. Соның нәтижесінде кері әліпбилі сөздікте ауызша тіл мәтіндеріндегі сөз таптарының кездесу жиілігін де анықтай алдық. Сөз табын қоюда біршама қиындықтар кездесті. Өйткені сөздер контекстен тыс тізім түрінде тұрғандықтан, олардың, әсіресе омоним сөздердің, омограф формалардың сөз табын ара гідік шамамен қойдық. Түрленім фор-

мада олардың сөз табына қатысын формалары арқылы анықтауға болады, ал түбір тұлғада нақтылық болмайды. Сондықтан қолдап леммаға келтіріліп, сөз таптары да қолдап қойылғанмен, омоним сөздерде аз-маз ауытқулар болуы мүмкін. Кейде жиілік сөздіктер құрастыру тәжірибесінде сөз таптарын да морфологиялық анализаторлар арқылы қоюға болады. Бірақ бұл әдісте де қиыншылықтар кездеседі.

7-кезең. Ауызша тіл мәтіндері жоғарыда аталғандай кезеңдерден өткеннен кейін, арнайы компьютерлік программамен сөздер сортталып (сортировка – бірдей сөздер/сөзформалар) қосылады және қайта әліпбиленеді, яғни түзету, тазалау, түбірге келтіру, сөз табын қою кезеңдерінде орын ауысып кеткен сөздер автоматты жолмен қайта әліпбиге түсіріледі. Сонымен қатар олардың абсолютті жиіліктері бойынша мәтінді қамту пайызы қоса шығарылып берілді.

8-кезең. Әліпбилі-жиілік сөздік толық жоғарыдағы процестерден өткеннен кейін соңғы нұсқасында сөздіктің жиілікті және кері-әліпбилі сөздік деп аталатын түрлері алынды. Осылайша ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздігі үш нұсқада дайындалды.

Дайын жиілік сөздіктер жасалғаннан кейін осы жиілік мәліметтер бойынша ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздіктеріне лингвостатистикалық талдаулар жасадық. Линвостатистикалық талдауларда сөзформалардың және сөздердің кездесу жиілігін, олардың сөзтізбедегі реестр бойын қамту пайызын және мәтінді қамту пайыздарын анықтап, жиілігіне қарай, топтастырып, кестелер арқылы көрсеттік. Біз құрастырған бұл ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздігі болашақ көптеген ғылыми зерттеулерге материал болады деп сенеміз. Ал оларға жасалған статистикалық талдауларды басқа да тілдік құбылыстарға қатысты сандық талдауларда қолдануға болады.

2 АУЫЗША ТІЛ МӘТІНДЕРІНДЕГІ СӨЗФОРМАНЫҢ «ӘЛІПБИЛІ-ЖИІЛІКТІ СӨЗДІГІ» БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің жиілік сөздіктерін түзу үшін алдымен сөзформалардың жиілік сөздігі алынуы қажет, содан кейін ғана жартылай автоматты тәсілмен сөздердің жиілік сөздіктері:

- 1) Әліпбилі-жиілік сөздік,
- 2) Жиілікті-әліпбилі сөздік,
- 3) Кері-әліпбилі жиілік сөздіктер түзіледі.

Сол себепті, ең алдымен сөзформалардың жиілік сөздіктері туралы сөз етпекпіз. Сөзформалардың «Әліпбилі-жиілік сөздігінің» үзіндісі төменде **1-кестеде** берілді.

Кесте 1 – Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформаның «Әліпбилі-жиілік сөздігінің» үзіндісі

№	Сөзформа	Абсолютті жиілік	Бір топ сөзформаның мәтінді қамту пайызы
1	а	19	0,037874
2	аа	15	0,067775
3	ааа	3	0,073755
4	абзал	2	0,077742
5	абырой	5	0,087709
6	авария	1	0,089702
7	автоматты	6	0,101662
8	автор	2	0,105649
9	авторы	3	0,111629
10	агрессивті	1	0,113623
11	агрессивтік	2	0,117610
12	агрессиясын	1	0,119603
13	агрессор	2	0,123590
14	агрессорға	1	0,125583
15	агудің	1	0,127576
16	аға	29	0,185385
17	аға-әпкелері	1	0,187378

№	Сөзформа	Абсолютті жиілік	Бір топ сөзформаның мәтінді қамту пайызы
18	ағады	1	0,189371
19	ағай	3	0,195351
20	ағайға	2	0,199338
21	ағайды	1	0,201332
22	ағайдың	2	0,205318
23	ағайдыңшы	1	0,207312
24	ағаймен	1	0,209305
25	ағайын	2	0,213292
26	ағалар	1	0,215285
27	ағаларым	2	0,219272
28	ағаларымыз	2	0,223259
29	ағаларымыздың	1	0,225252
30	ағалы-інілі	1	0,227246
31	ағалық	1	0,229239
32	ағам	9	0,247179
33	ағамның	1	0,249173
34	ағамыз	16	0,281067
35	ағамызға	1	0,283060
36	ағамыздың	2	0,287047
37	ағаны	3	0,293027
38	ағаның	1	0,295021
39	ағартушы	1	0,297014
40	ағартушыларымыздың	1	0,299007
41	ағартылып	1	0,301001
42	ағасы	3	0,306981
43	ағаш	2	0,310968
44	ағаштардың	1	0,312961
45	ағылшын	18	0,348842
46	ағылшынға	1	0,350835
47	ағылшындар	3	0,356815
48	ағылшынды	2	0,360802
49	ағылшынның	1	0,362796
50	ағылшынша	2	0,366782
51	ағым	1	0,368776
52	ағымнан	1	0,370769

№	Сөзформа	Абсолютті жиілік	Бір топ сөзформаның мәтінді қамту пайызы
53	ағып	1	0,372762
54	ағыс	2	0,376749
55	ағыста	1	0,378743
56	ағысы	1	0,380736
57	адал	2	0,384723
58	адам	103	0,590041
59	адамбыз	2	0,594028
60	адамгершілік	3	0,600008
-----	-----	-----	-----
10570	экономкамен	1	99,7827
10571	экран	1	99,7847
10572	экранға	1	99,7867
10573	экранда	1	99,7887
10574	экспонаттар	1	99,7907
10575	электронды	1	99,7927
10576	электір	1	99,7947
10577	эмоцияларын	1	99,7967
10578	энергетикалық	1	99,7987
10579	энергия	4	99,8066
10580	энергияңызды	1	99,8086
10581	энергиясы	2	99,8126
10582	энергиясын	1	99,8146
10583	эпизодтарды	2	99,8186
10584	эпизодтық	1	99,8206
10585	эссе	1	99,8226
10586	этажға	2	99,8266
10587	этажда	1	99,8286
10588	этаждағы	1	99,8306
10589	этажына	1	99,8326
10590	этнограф	1	99,8345
10591	этнографпын	1	99,8365
10592	эфирге	1	99,8385
10593	эфирінде	1	99,8405
10594	юбка	1	99,8425
10595	юникодқа	1	99,8445

№	Сөзформа	Абсолютті жиілік	Бір топ сөзформаның мәтінді қамту пайызы
10596	яғни	72	99,9880
10597	ярмарка	3	99,9940
10598	ярмаркаға	2	99,9980
10599	ярмарканың	1	100

Сөзформалардың «Әліпбилі-жиілік сөздігінің» деректері бойынша сипатталатын статистикалық мәліметтер негізінде (*1-кесте*) біз екі фактіге арнайы тоқталдық.

Оның *біріншісі*—белгілі бір әріптен басталып жазылатын сөзформалардың реестр бойындағы саны және олардың реестр бойын қамту пайызы.

Екіншісі—белгілі бір әріптен басталып жазылатын сөзформалардың қолдануларының абсолютті жиіліктері, олардың қосынды абсолютті жиілігі және ондай сөзформалардың қайталана қолданыла келіп, мәтін көлемін қамту пайызы.

Енді осының біріншісі – сөзформалардың әліпбилі-жиілік сөздігі мәліметтері бойынша жасалған сөзформалардың реестрдегі саны мен реестр бойын қамту пайызы туралы статистикалық деректермен *2-кесте* бойынша танысуға болады.

2-кестенің құрылымына келетін болсақ, ол 5 тік бағанадан және 35 көлденең қатардан тұрады. Кестенің 1-бағанасында – статистикалық мәліметтердің рет саны, 2-бағанада – сөздіктегі сөзформалардың бастапқы әріптерінің тізімі берілген. Ауызша тіл мәтіндерінің сөзформа сөздігінде мұндай бастапқы әріптердің саны 35, яғни олар *2-кестеде* көлденең жатқан 35 қатарды алып жатыр. Ескеретін нәрсе, ол –сөзформалардың «Әліпбилі-жиілік сөздігінің» реестрінде сөзформалар әліпби ретімен орналасқан да, ал ұсынып отырған *2-кестеде* статистикалық сипаттама берудің талаптарына сәйкес оларды жиілік сөздік түзу ережесімен орналастырамыз. Яғни бұл кестеде сөзформалардың бастапқы әріптерінің реестрлік қатарда қайталана кездесу жиілігіне қарай жоғарыдан төмен қарай тіземіз. Ең жиі кездескен (*1039 рет*) «Т» әрпінен, біртіндеп кему дәрежесіне қарай орналастырып, осы ретпен қалған әріптерді

1-ақ рет кездескен «Ч» әрпі аралығына қоямыз. 3-бағанаға реестр бойында бастапқы әріптері сәйкес келетін сөзформалардың саны жазылды. Сонымен, *2-кестенің* бұл 3-бағанасында бастапқы әрпі «Т»-ға тең және реестр бойында *1039 рет* кездесетін сан орналас-ты. Әрі қарай, дәл осы әдіспен *Б, Қ, К, Ж* және т.б. әріптер орнала-сып келіп, ең соңында реестр бойында *1-ақ* ретқана кездескен «Ч» әрпі орналас-ты. Бұлар «1039» бен «1» аралығында кему тәртібімен кестенің 3-бағанасынан орын алады.

Кесте 2 – Сөзформаның «Әліпбилі-жиілік сөздігі» бойынша реестрлік бірлік топтарының сөздік бойын (реестрді) қамту ста-тистикасы

№	Сөзформа-ның бастапқы әріптері	Реестр бойындағы сөзформа саны	Бастапқы әріпке сай жазылған сөзформаның реестр бойын қамту пайызы (%)	Бастапқа әріптері айы-рым табатын сөзформа тобының реестр-ді қамту пайызы
1	т	1039	9,802812	9,802812
2	б	1015	9,576375	19,379187
3	қ	1014	9,566940	28,946127
4	к	1011	9,538636	38,484763
5	ж	1008	9,510331	47,995094
6	а	996	9,397113	57,392207
7	с	749	7,066704	64,458911
8	м	450	4,245684	68,704595
9	о	413	3,896594	72,601189
10	д	365	3,443721	76,044910
11	е	313	2,953109	78,998019
12	ш	298	2,811586	81,809605
13	ө	273	2,575715	84,385319
14	ә	272	2,566280	86,951599
15	п	190	1,792622	88,744221
16	ұ	165	1,556751	90,300972
17	ү	165	1,556751	91,857722
18	н	152	1,434098	93,291820
19	і	140	1,320879	94,612699

№	Сөзформаның бастапқы әріптері	Реестр бойындағы сөзформа саны	Бастапқы әріпке сай жазылған сөзформаның реестр бойын қамту пайызы (%)	Бастапқы әріптері айырым табатын сөзформа тобының реестрді қамту пайызы
20	р	111	1,047269	95,659968
21	и	65	0,613265	96,273233
22	з	63	0,594396	96,867629
23	х	49	0,462308	97,329937
24	у	40	0,377394	97,707331
25	ы	39	0,367959	98,075290
26	г	37	0,349090	98,424380
27	ғ	36	0,339655	98,764034
28	э	35	0,330220	99,094254
29	ф	32	0,301915	99,396169
30	в	29	0,273611	99,669780
31	л	23	0,217002	99,886782
32	ц	5	0,047174	99,933956
33	я	4	0,037739	99,971695
34	ю	2	0,018870	99,990565
35	ч	1	0,009435	100%
Сөзформа саны: 10599 Сөзқолданыс саны: 50166				

4-бағанада «Бастапқы әріпке қарай жазылған сөзформаның реестр бойын қамту пайызы (%)» берілді. Белгілі бір сөзформаның реестр бойында кездесу саны белгілі болса, оның пайыздық мөлшерін табу қиындық тудырмайды. Кестедегі бастапқы әріптеріне сәйкес бір топ сөзформаның саны 3-бағанада жиіліктірінің кему тәртібімен орналасып тұрғаны белгілі. Олай болса, осы реестр бойындағы сөзформа санына сәйкес реестр бойын қамту пайызын да шығарамыз, бұл пайыздық өлшем 4-бағанада беріліп отыр. Айталық, ауызша тіл мәтіндері бойынша құрылған сөзформалардың «Әліпбилі-жиілік сөздігінің» деректері бойынша, ең жиі қолданатын сөзформалар «Т» әрпінен басталады екен және реестр бойында ең жиі кездеседі (1039рет), реестр бойының 9,8 % пайызын, яғни 10 пайызға жуығын қамтиды. Реестр бойында ең сирек

(1-ақ рет) кездескен «Ч» әрпінен басталатын жалғыз-ақ «Чай-ник» сөзі сөздік реестрінің небәрі 0,009435 пайызын қамтитыны анықталды. 2-кестенің 5-бағанасын «Бастапқы әріптері айырым табатын сөзформа тобының реестрді қамту пайызы» деп атадық. Егер 4-бағанада әрбір бастапқы әріпке қатысты сөзформалардың реестр бойын қамту пайызы анықталса, 5-бағананың 2-ші көлденең жолында 2 әріптен, яғни 2-кестенің «Т» мен «Б» әріптерінен басталып жазылатын сөзформаларды бірге қарастырсақ, онда олардың реестр бойын қамту пайыздарының қосынды нәтижелері 5-бағанадағы 2-ші көлденең жолдан орын алады, яғни $9,802812\% + 9,576375\% = 19,379187\%$ деп жазылады да, ол бастапқы әріптері 2 түрлі (Т және Б) сөзформалардың реестр бойын қамту пайыздарының қосынды нәтижесі болып табылады. Әрі қарай, осылайша 3, 4, 5, 6, ... 35 деп бәрін қосып есептейтін болсақ, онда бастапқы әріптердің қосынды нәтижесі 100 пайызға тең болуы қажет. Осылайша сөзформаның кез келген бастапқы әріптеріне қатысты реестр бойын және қамтитын пайыздық көрсеткішіне сай келетін сөзформалар жиынтығын немесе тобын 2-кестенің 5-бағанасынан таңдап алуға мүмкіндік бар. Мысалы, осы кесте бойынша реестр бойы мен мәтін көлемін 30%, 50%, 80% пайыздарын қамтитын топтарды 2-кестеден анықтау қажет болса, ең алдымен, реестр бойына қатысты іздейтін болсақ, 5-бағанадағы 28,946127 пайызды таңдауға болады, себебі бұл сан кестедегі 30%-ға ең жақын сан деуге болады, сол сияқты 2-кестеде 50 пайызға жақын жатқан реестр бойын қамтитын сан, ол 47,995094, яғни бұл топқа жататын сөзформалар: Т, Б, К, К, Ж-дан басталып жазылатын сөзформалар екен. Дәл осы тәріздес, біз реестрдің 80 пайызын қамтитын сөзформалар тобын да таба аламыз. Ол сан 2-кестенің 5-бағанасындағы 12-ші көлденең жолындағы 81,809605 пайыздық көрсеткіш саны. Яғни бұл топқа: Т, Б, К, К, Ж, А, С, М, О, Д, Е, Ш-дан басталып жазылатын сөзформалар тобын жатқызуға болады. Осы тәріздес, пайыздық көрсеткіштерге сәйкес басқа да сөзформалар тобын анықтауға болады. Осы сияқты статистикалық деректермен қосымшадағы «Сөзформалардың әліпбилі-жиілік сөздігі» арқылы толығырақ танысуға болады.

Дәл осы тәріздес, белгілі әріптерден басталатын сөзформалардың

қайталана қолданылуына байланысты, олардың мәтін көлемін қамтитын тобын да *3-кестенің* 5-бағанасы ішінен таңдап алуға болады.

Кесте 3 – Сөзформаның «Әліпбилі-жиілік сөздігі» бойынша реестрлік бірліктің бастапқы әрпіне қарай тобының мәтін көлемін қамту статистикасы

№	Сөзформаның бастапқы әріптері	Сөзформаның абсолютті жиілігі	Бастапқы әріпке сай келетін сөзформалардың мәтінді қамту пайызы	Біртөп сөзформаның мәтінді қамту пайызы (%)
1	б	7200	14,352350	14,352350
2	ж	4689	9,346968	23,699318
3	к	4528	9,026034	32,725352
4	с	4043	8,059243	40,784595
5	а	4021	8,015389	48,799984
6	қ	3425	6,827333	55,627317
7	м	3220	6,418690	62,046007
8	д	2916	5,812702	67,858709
9	о	2886	5,752900	73,611609
10	т	2716	5,414025	79,025635
11	е	2193	4,371487	83,397122
12	ө	1450	2,890404	86,287525
13	ә	1036	2,065144	88,352669
14	н	875	1,744209	90,096878
15	ү	772	1,538891	91,635769
16	ш	761	1,516964	93,152733
17	ғ	754	1,503010	94,655743
18	п	437	0,871108	95,526851
19	ұ	391	0,779412	96,306263
20	і	368	0,733565	97,039828
21	р	339	0,675756	97,715584
22	и	331	0,659809	98,375394
23	х	139	0,277080	98,652474
24	у	132	0,263126	98,915600
25	л	106	0,211298	99,126899
26	з	102	0,203325	99,330224

№	Сөзформаның бастапқы әріптері	Сөзформаның абсолютті жиілігі	Бастапқы әріпке сай келетін сөзформалардың мәтінді қамту пайызы	Біртөп сөзформаның мәтінді қамту пайызы (%)
27	я	78	0,155484	99,485707
28	ф	55	0,109636	99,595343
29	э	54	0,107643	99,702986
30	ы	53	0,105649	99,808635
31	г	45	0,089702	99,898338
32	в	43	0,085715	99,984053
33	ц	5	0,009967	99,994020
34	ю	2	0,003987	99,998007
35	ч	1	0,001993	100
Сөзформа саны: 10599 Сөзқолданыс саны: 50166				

3-кестенің 3-бағанасы – «Сөзформаның абсолютті жиілігі», 4-бағанасы – «Бастапқы әріпке сай келетін сөзформалардың мәтінді қамту пайызы» деп аталса, 5-бағана «Біртөп сөзформаның мәтінді қамту пайызы» деп аталады. Бұл 4-ші және 5-ші бағаналардың айырмашылығы: егер 4-бағанадағы статистикалық мәліметтер тек әліпбидің әрбір бастапқы әрпіне қатысты топтың мәтінді қамту пайызы ғана болса, 5-бағанадағы мәліметтер екі немесе одан да көп сөзформаның бастапқы әріптері бойынша топтардың мәтін көлемін қамту статистикасы болып табылады. Мәселен, *3-кестенің* 4-бағанасы «Бастапқы әріпке сай келетін сөзформалардың мәтінді қамту пайызы (%)» деп аталғандықтан, ол бағанада орналасқан пайыздық көрсеткіштер тек 2-бағанада жазылған әріптерден басталатын сөзформалар тобына ғана байланысты болады. Мысалы, реттік саны 1-ге тең және сөзформаның бастапқы әрпі «Б-ға» тең топ мәтін көлемінің **14,352350** пайызын қамтыса, 2-ші көлденең жолдағы «Ж-дан» басталатын сөзформалар тобы 4-бағана бойынша мәтін көлемінің **9,346968** пайызын құрайды, ал енді 5-бағанадағы **23,699318** пайыздық көрсеткіш «Б» мен «Ж» әріптерінен басталатын сөзформалар топтарының мәтін көлемін қамту пайызы болады. Осылайша бірнеше көлденең жолдардағы басқа да қатар тұрған әріптер жинағынан топ құрып,

олардың мәтінді қамту пайызын анықтауға болады. Сол сияқты егер қандай топ реестр бойының және мәтін көлемінің 80 пайызын қамтитынын білу керек болса, біз реестр бойын 80%-ға қамту тобын табу үшін **2 және 3-кестелердің** 5-бағанасынан іздеуіміз керек. **5-бағанадан** іздеп отырған 80 пайыздық салмақ дәлме-дәл болмағанымен, аздап ауытқуы мүмкін. Мысалы, 80%-дың орнына **2-кестеде** 5-бағанада – **81,809605%**, ал **6-кестенің** 5-бағанасында – **79,025635** пайызда кездескен. Мұндай пайыздық шамаға сай келетін сөзформалардың бастапқы әріптерін 2-бағана бойынша анықтауға болады. Олар: **5-кестенің** 2-бағанасындағы «Т» мен «Ш» аралығындағы 12 әріптен басталып жазылатын сөзформалар болса, **3-кестенің** 2-бағанасындағы «Б» мен «Т» аралығындағы 10 әріптен басталып жазылатын сөзформалар екен. Бұл екі 2-ші және 3-шы кестелерде бір топ сөзформаның реестр бойын және мәтінді қамту пайызы әріп реті бойынша тура сәйкес келмейді. Өйткені әріптер тізімі 2-ші кестеде реестр бойындағы сөзформа санының кемуі принципті бойынша тізілген, ал 6-шы кестеде әріптер қатары бастапқы әріптері бойынша сөзформалардың абсолютті жиіліктері бойынша тізілген. Алайда пайыздық көрсеткіштер бойынша екі кестеде қамтылатын сөзформалардың бастапқы әріптері қатар-қатар сәйкестік құрамағанмен, қамтылуы жағынан сол пайыздық көрсеткіш құрамына кіретін әріптерді қамтиды.

3 АУЫЗША ТІЛ МӘТІНДЕРІНДЕГІ СӨЗФОРМАНЫҢ «ЖИІЛІКТІ-ӘЛПБИЛІ СӨЗДІГІНІҢ» СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Ауызша тіл мәтіндері бойынша түзілген сөзформаның «Жиілікті-әліпбилі сөздігінен» үзінді **4-кестеде** берілді. Жоғарыда **1-тарауда** келтірілген жиілік сөздіктің анықтамасы бойынша, «жиілік сөздік» реестрінде сөзформа бірлігі олардың мәтін ішінде қолданылуының абсолютті жиіліктерінің дәрежесіне қарай орналасады, яғни ең бірінші орында мәтіндегі ең жиі қолданылған сөзформа орналасады да, ал екінші, үшінші ретте ...т.б. орналасатын сөзформалар

мәтінде кездесу жиіліктерінің бірте-бірте кеміп отыру дәрежесіне қарай реестр бойынан орын алады.

Кесте 4 – Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформаның «Жиілікті-әліпби сөздігінен» үзінді

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Бір топ сөзформаның мәтінді қамту пайызы
1	мен	760	1,51497
2	ол	649	2,80868
3	деп	640	4,08444
4	сол	586	5,25256
5	ғой	581	6,41072
6	бір	542	7,49113
7	енді	531	8,54962
8	да	498	9,54232
9	керек	384	10,30778
10	деген	368	11,04134
11	бар	352	11,74301
12	жоқ	344	12,42874
13	кейін	304	13,03472
14	болды	259	13,55101
15	кезде	252	14,05334
16	жанағы	250	14,55169
17	осы	248	15,04605
18	не	231	15,50652
19	де	227	15,95902
20	біз	225	16,40753
21	бұл	222	16,85006
22	болады	220	17,28860
23	ма	217	17,72117
24	бірақ	200	18,11984
25	жақсы	195	18,50855
26	мына	193	18,89327
27	қазір	185	19,26205
28	сондай	185	19,63083
29	үшін	183	19,99561
30	ия	181	20,35642

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Бір топ сөзформанын мәтінді қамту пайызы
31	маған	181	20,71722
32	емес	178	21,07204
33	жатыр	178	21,42686
34	менің	173	21,77172
35	алып	170	22,11059
36	ба	168	22,44548
37	екен	164	22,77240
38	содан	158	23,08735
39	ал	153	23,39234
40	біздің	151	23,69334
41	көп	151	23,99434
42	болып	148	24,28936
43	өйткені	143	24,57441
44	үлкен	141	24,85548
45	сияқты	140	25,13455
46	сонда	140	25,41363
47	айтып	134	25,68074
48	қандай	132	25,94387
49	өте	129	26,20101
50	жерде	128	26,45617
51	қалай	128	26,71132
52	сөйтіп	125	26,96049
53	бірінші	123	27,20568
54	сен	122	27,44887
55	дейді	116	27,68010
56	бәрі	112	27,90336
57	сіз	112	28,12662
58	оны	109	28,34390
59	екі	107	28,55719
60	адам	103	28,76251
-----	-----	-----	-----
10570	экватордан	1	99,94219
10571	экономикаға	1	99,94419
10572	экономикалық	1	99,94618
10573	экономикамен	1	99,94817
10574	экономикамызда	1	99,95017

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Бір топ сөзформанын мәтінді қамту пайызы
10575	экономиканы	1	99,95216
10576	экономикасына	1	99,95415
10577	экономкамен	1	99,95615
10578	экран	1	99,95814
10579	экранға	1	99,96013
10580	экранда	1	99,96213
10581	экспонаттар	1	99,96412
10582	электронды	1	99,96611
10583	электір	1	99,96811
10584	эмоцияларын	1	99,97010
10585	энергетикалық	1	99,97209
10586	энергияңызды	1	99,97409
10587	энергиясын	1	99,97608
10588	эпизодтық	1	99,97807
10589	эссе	1	99,98007
10590	этажда	1	99,98206
10591	этаждағы	1	99,98405
10592	этажына	1	99,98605
10593	этнограф	1	99,98804
10594	этнографпын	1	99,99003
10595	эфирге	1	99,99203
10596	эфирінде	1	99,99402
10597	юбка	1	99,99601
10598	юникодқа	1	99,99801
10599	ярмарканың	1	100

Аталған сөздіктің статистикалық сипаттамасымен, яғни жиілік сөздік бірліктері топтарының реестр бойы мен мәтін көлемін қамту пайыздарының статистикасы **5-кестеде** берілді. Әрі қарай осы аталған сипаттамаға қысқаша тоқталайық. Бұл кестедегі статистикалық мәліметтерде сөзформалардың мәтін көлемін қамту пайыздары арқылы реестр бойын қамту пайызын және ондай пайыздық дәрежеге сәйкес келетін сөзформалардың реестрдегі сөз санын анықтау көзделеді.

5-кестедегі статистикалық мәліметтер бойынша, 5-бағанадағы алдын ала берілген мәтінді қамту пайыздары: 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100 сандарына тең, ал енді ондай пайыздар реестр бойының келесі пайыздарын қамтиды екен: 0,08%, 0,19%, 0,34%, 0,72%, 1,43%, 2,85%, 6,07%, 12,6%, 28,27%, 47,32%, 100%. Мұндай пайыздық дәрежеге сәйкес келетін реестр бойындағы сөзформа саны: 9, 21, 37, 77, 152, 303, 644, 1343, 2997, 5016, 10599 сандарына тең екен. Мұндай статистикалық деректерден сөзформалар топтарының мәтінді қамту пайызы өскен сайын, оларға сәйкес келетін реестр бойындағы сөзформа мен олардың реестр бойын қамту пайызы да өсіп отыратынын көреміз.

Кесте 5 – Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформаның «Жиілікті-әліпби сөздігі» бойынша алдын ала берілген мәтін көлемін қамту пайыздары бойынша реестр бойын қамту статистикасы

№	Реестрдегі рет саны	Реестр бойындағы сөз саны	Реестр бойын қамту пайызы	Мәтінді қамту пайызы
1	1–9	9	0,08491	10,307778
2	1–30	21	0,19813	20,356417
3	1–67	37	0,34909	30,141929
4	1–144	77	0,72648	40,023123
5	1–296	152	1,43410	50,037874
6	1–599	303	2,85876	60,002791
7	1–1243	644	6,07604	70,011562
8	1–2586	1343	12,67101	80,002392
9	1–5583	2997	28,27625	90,001196
10	1–10599	5016	47,32522	100
		10599	100	

Келесі **6-кесте** «Сөзформаның «Жиілікті-әліпби сөздігіндегі» реестрлік топтардың сөздік бойы мен мәтін көлемін қамту пайыздары» деп аталады да, бұл кестеде реестрлік бірліктер сөзформалардың мәтінде қайталана кездесуін көрсететін абсолютті жиіліктерінің неше орынды сан болу дәрежесіне қарай топтастырылды. Мысалы, ауызша тіл мәтіндерінде ең жиі кезде-

сетін сөзформалардың абсолютті жиіліктері **3** орынды сандардан басталып, әрі қарай бірте-бірте кему дәрежесіне қарай, сөзформа жиіліктері **2** орынды және **1** орынды сандар тобымен аяқталады. Сол себепті, **6-кестенің** 1-бағанасында көрсетілгендей, топтар саны 11-ге тең, ал олардың абсолютті жиіліктерін «**Fi**» деп белгілесек, олардың алғашқы 2 тобының белгіленуі: 1) $760 \geq Fi \geq 100$; 2) $98 \geq Fi \geq 10$, яғни 1-топқа көрсетілген сандардың аралығындағы 3 орынды сандар, дәлірек айтсақ, ауызша тіл мәтіндеріндегі ең жиі қолданыстағы келесі **63** сөзформа: **мен, ол, деп, сол, зой, бір, енді, да ... т.б.** Сол сияқты, 2-топқа сөзформалардың абсолютті жиіліктері $98 \geq Fi \geq 10$ аралығындағы сандарға тең **660** сөзформа: **келіп, мені, сондықтан, неге, сосын, болса, жұмыс, қой, олар ... және т.б.** Аталған 2 топтан байқауға болатындай, сөзформалардың абсолютті жиіліктері кеміген сайын, реестрлік бірліктердің сандары, керісінше, өсетініне куә болуға болады. Бұл фактіге абсолютті жиіліктердің бір орынды санға тең болып, әрбір абсолютті жиіліктің біртіндеп кемігені сайын, ондай реестрлік бірліктің сандары өсіп, реестр бойын қамту пайыздарының көбейгенін байқауға болады. Бұл барлық әлемдік тілдерге ортақ заңдылық деуге де болады.

Кесте 6 – Сөзформаның «Жиілікті-әліпби сөздігіндегі» реестрлік топтардың сөздік бойы мен мәтін көлемін қамту пайыздары

Топтар №	Абсолютті жиілігінің алатын орын саны	Реестр бойындағы сөз саны	Реестр бойын қамту пайызы	Мәтінді қамту пайызы
1	$760 \geq Fi \geq 100$	63	0,59440	29,36650
2	$98 \geq Fi \geq 10$	660	6,22700	33,21572
3	9	91	0,85857	1,63258
4	8	89	0,83970	1,41929
5	7	156	1,47184	2,17677
6	6	185	1,74545	2,21265
7	5	287	2,70780	2,86050
8	4	406	3,83055	3,23725
9	3	759	7,16105	4,53893
10	2	1799	16,97330	7,17219
11	1	6104	57,59034	12,16760
		10599	100	100

Аталған заңдылықты *6-кестедегі* реестрлік бірліктердің абсолютті жиіліктерінің 1 орынды санға тең болған жағдайынан, яғни F_i -дің 9 санынан 1 санына дейін кему кезіндегі, оларға сәйкес келетін реестр бірліктер санының өсу дәрежесінен аңғаруға болады. Әсіресе, бұл жағдайды реестрлік бірліктердің ең сирек қолданылу кезіндегі статистикалық деректерден жақсы көз жеткізуге болады. Мысалы, $9 \geq F_i \geq 1$ болғанда, оларға сәйкес келетін реестр бойындағы сөз санының айтарлықтай өсуін, яғни 91-ден 6104-ке дейін өсуі реестр бойын қамту пайызынан да байқалады: 0,85, 0,83, 1,47, 1,74, 2,7, 3,8, 7,1, 16,9, 57,5. Пайыздық салмақтары 7,1, 16,9, 57,5 сандарына тең болуы реестрлік бірліктердің абсолютті жиіліктерінің ең аз дәрежесіне сай келіп тұр, яғни $F_i=3$; $F_i=2$; $F_i=1$. Бұл фактінің құндылығы – осындай заңдылықтың әлемдік тілдерге ортақ болуында және әр тіл бойынша дәлелдеудің қажет екендігінде.

6-кесте деректері бойынша тағы бір айта кететін жайт, ол – «Жиілікті-әліпби сөздіктегі» реестрлік бірліктердің абсолютті жиіліктерінің кему тәртібімен орналасуына қатысты топқа бөлу ол топтардың мәтінді қамту пайыздарына қатысты айтатындай заңдылық байқалмайтындығы. Бұл жерде тек ең жиі кездесетін сөзформалардың мәтінді қамту пайыздарының жоғары болуын, ал сирек қолданылатын топтар ішінен тек 1 рет қана кездесетіндер тобының мәтінді қамту пайызының жоғарылау екенін (шамамен 10 пайыз) айта кетуге болады. Ал абсолютті жиіліктері жоғары үш орынды сандарға тең топ реестр бойын қамту пайызы жағынан төменгі пайыздық шаманы көрсетеді, демек, мәтінде жиі қолданылған бұл сөздер сан жағынан көп емес деген сөз, сол себепті реестрлік қатарда аз кездеседі. 6-кестеде көріп отырғанымыздай, үш орынды сандар тобына (63) қарағанда, екі орынды сандар тобы (660) реестрде көп орын алған. Реестр бойындағы сөз саны көбі – 2 және 1 рет кездескендер, 1 рет кездесетін сөздер тіптен бірнеше есеге көп екен. 1 рет кездесетін (6104) сөзформалар реестр бойының 57,5 пайызын, яғни тең жартысынан астамын құрайды екен. Осы реестр бойын қамтудағы пайыздық жоғары көрсеткіші арқасында 1 рет кездесетін сөздер мәтінді қамту пайызы жағынан басқа бірлік (9,8,7,6,5,4) сандардан әлдеқайда жоғары (12,1%) екен.

4 АУЫЗША ТІЛ МӘТІНДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ «ӘЛІПБИЛІ-ЖИІЛІК СӨЗДІГІНДЕГІ» РЕЕСТРЛІК СӨЗДЕР ТОПТАРЫНЫҢ СӨЗДІК БОЙЫ МЕН МӘТІН КӨЛЕМІН ҚАМТУ СТАТИСТИКАСЫ

Алдыңғы тақырыптағы *2-ші* және *3-кестелерде* реестрлік сөздер топтарының сөздік бойы мен мәтін көлемін қамту пайызы ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформа статистикасына қатысты қарастырылған болатын. Енді осындай сипаттаманы ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің «Әліпбилі-жиілік сөздігі» бойынша, яғни сөздіктегі реестрлік бірлік топтарының (бастапқы әрпіне қарай) реестр бойы мен мәтін көлемін қамту пайызы мен олардың статистикалық арақатынасына қатысты сипаттаймыз.

7-кестеде ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің «Әліпбилі-жиілік сөздігіндегі» реестрлік бірлік топтарының (бастапқы әрпіне қарай) реестр бойын қамту статистикасы берілді. Кестенің 1-бағанасында сөздердің бастапқы әріптерінің 34-ке тең болатын рет саны көрсетілсе, 2-бағанада реестрдегі сөздердің бастапқы әріптері, ал 3-бағанада реестр бойында кездесу жиілігінің біртіндеп кему тәртібіне сәйкес жазылды. 3-бағана деректері бойынша, реестр бойында ең көп, яғни 380 рет кездескен «Т» әрпі екенін көреміз. *7-кестенің* 4-бағанасында реестр бойында орын алған 3414 реестрлік бірліктен 1-орынға ие болған «Т» әрпінен басталатын сөздер барлық реестрлік сөздердің 11,1306 пайызын құрайтыны берілген. Сол сияқты реестр бойында келесі жиі кездесетін сөздердің бастапқы әрпі «Қ» екенін және осы әріптен басталып жазылатын реестрлік сөздердің саны 341-ге тең болғанын 3-бағана бойынша білуге болады және мұндай сөздердің реестр бойының 9,9883 пайызын қамтитынын 4-бағанадан біле аламыз. Бұл 1-орындағы «Т» әрпі мен 2-орындағы «Қ» әріптерін біріктіріп қарастырар болсақ, реестрдегі осы 2 әріптен басталып жазылатын сөздердің реестр бойының 21,1189 пайызын қамтитынын *7-кестенің* 5-бағанасынан анықтай аламыз. Осылайша әрбір бастапқы әріптің реестр бойын қамту пайызы мен бір топ бастапқы әріптің реестр бойын қамту пайызын осы кестеден көрсетуге болады. Кестедегі ең соңғы 34-орындағы «Я» әрпінен басталып жазылатын сөздердің

барлығын бірге қарастырып, олардың реестр бойының 100 пайызын қамтитынын **7-кестенің** 5 бағанасы мен 34-бастапқы әріптің астындағы көлденең жолдың қиылысынан анықтай аламыз.

Сол сияқты аталған кестеден бір топ сөздің реестрді қамту пайызын да анықтауға болады. Ол үшін реестр бойындағы әрбір әріптен басталып жазылатын сөздерден топ құру қажет болады, мысалы, ол үшін бұл сөздердің реестр бойында кездесу жиілігін негіз етіп алуға болады: реестр бойында көп, орташа, аз шамада кездесетін топтарға бөліп, *көп, орташа, аз* шамаларын өз қалауымызша таңдаймыз. Айталық, 1-топқа реестрдегі саны 3 орынды сан; 2-орынға реестрдегі 2 орынды сан; 3-орынға реестрдегі саны 1 орынды сан деп алдық делік. Мұндай жағдайда 1-топқа жататындар реестр бойында жиі кездесетін келесі **11** әріптен басталып жазылатын сөздер тобы: **Т ..., Қ ..., А ..., Ж ..., Б ..., К ..., С ..., М ..., Д ..., Ш ..., О ...**; 2-топқа жататын келесі орташа жиіліктегі 19 әріптен басталып жазылатын сөздер тобы: **Е ..., Ә ..., Ө ..., П ..., Н ..., Ұ ..., Р ..., Ү ..., І ..., З ..., И ..., Ы ..., Х ..., Ғ ...Ф ..., Э ..., Г ...У ..., Л ...**; 3-топқа жататын келесі төмен жиіліктегі 4 әріптен басталып жазылатын сөздер тобы: **В ..., Ц ..., Ю ..., Я ...** Енді осы 3 топқа жататын әр тобының реестр бойын қамту пайызын табуымызға болады, ол үшін **7-кестенің** 5-бағанасындағы «Бір топ сөздің реестрді қамту пайызы» атты бағанасындағы пайыздық сандардың қосындысын бөліп алуымыз керек. 1-топ үшін ондай қосынды пайыздық салмақ 11-көлденең жол мен кестенің 5-бағанасы қиылысында орналасқан **78,2367** пайызға тең екен, 2-топтың реестрді қамту пайыздарының қосындысы **21, 3239** пайызға тең, ал соңғы 3-топтағы мұндай қосынды пайыздық өлшем **0,43941** пайызға ғана тең. Осылайша зерттеуші өзі қалаған топты таңдап алып, оның реестр бойын қамту пайыздық өлшемін тауып алуына болады. 1-топты - V, 2-топты – V1, 3-топты – V3 деп белгілейік.

Алгоритмі: $V = 78,2367$

$V1 = 99,5606 - 78,2367 = 21, 3239$

$V3 = 100 - 99,5606 = 0,43941$

Кесте 7 – Сөздердің «Әліпбилі-жиілік сөздігіндегі» реестрлік бірлік топтарының (бастапқы әріпіне қарай) реестр бойын қамту статистикасы

№	Сөздің бастапқы әріптері	Реестр бойындағы сөз саны	Реестр бойын қамту пайызы	Бір топ сөздің реестрді қамту пайызы
1	Т	380	11,1306	11,1306
2	Қ	341	9,9883	21,1189
3	А	311	9,1095	30,2285
4	Ж	302	8,8459	39,0744
5	Б	297	8,6995	47,7739
6	К	272	7,9672	55,7411
7	С	272	7,9672	63,7083
8	М	169	4,9502	68,6585
9	Д	121	3,5442	72,2027
10	Ш	106	3,1049	75,3076
11	О	100	2,9291	78,2367
12	Е	97	2,8412	81,0779
13	Ә	88	2,5776	83,6555
14	Ө	68	1,9918	85,6473
15	П	65	1,9039	87,5513
16	Н	60	1,7575	89,3087
17	Ұ	49	1,4353	90,7440
18	Р	46	1,3474	92,0914
19	Ү	43	1,2595	93,3509
20	І	30	0,8787	94,2296
21	З	28	0,8202	95,0498
22	И	27	0,7909	95,8407
23	Ы	25	0,7323	96,5729
24	Х	18	0,5272	97,1002
25	Ғ	16	0,4687	97,5688
26	Ф	16	0,4687	98,0375
27	Э	16	0,4687	98,5062
28	Г	13	0,3808	98,8869
29	У	12	0,3515	99,2384
30	Л	11	0,3222	99,5606
31	В	9	0,2636	99,8243
32	Ц	4	0,1172	99,9414

№	Сөздің бастапқы әріптері	Реестр бойындағы сөз саны	Реестр бойынша қамту пайызы	Бір топ сөздің реестрді қамту пайызы
33	Ю	1	0,0293	99,9707
34	Я	1	0,0293	100
	Сөз саны: $\Sigma=3414$		$\Sigma=100\%$	

Осы жазылған статистикалық сипаттамаға ұқсас келетін **8-кестедегі** сандық деректер бойынша ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің «Әліпбилі-жиілік сөздігіндегі» реестрлік бірлік топтарының (бастапқы әрпіне қарай) мәтінде кездесу жиілігіне қарай, яғни қайталана қолдана келіп, мәтін көлемін қамту пайызын анықтап көрейік.

8-кестеде ауызша тіл мәтіндерінің «Әліпбилі-жиілік сөздігіндегі» реестрлік сөздердің бастапқы әріптерін әдеттегі жиілікті-әліпбилі сөздік түзудің принципі бойынша абсолютті жиіліктерінің біртіндеп кему тәртібімен орналастырамыз. Яғни бұл кестедегі әріптер (сөздердің бастапқы әріптері) ауызша тіл мәтіндерінде кездескен сөзқолданыс жиілігі болатын абсолютті жиіліктері бойынша жоғары жиіліктісі бірінші тұрып, қалғаны сол жоғары жиіліктің азаюына қарай тізіледі. Әдетте жиілік сөздіктерге статистикалық талдаулар жасауда мыңдық, жүздік, ондық, бірлік сандарды орынға сәйкес белгілейді. Мысалы, *бірлік сандар – бір орынды, ондық сандар – екі орынды, жүздік сандар – үш орынды, мыңдық сандар – төрт және бес, алты орынды т.б.* Яғни сан өскен сайын орын саны да арта береді. Ауызша тіл мәтіндеріндегі бастапқы әріптері бойынша ең жиі кездесетін сөздердің абсолютті жиіліктері 4 орындық санға тең және реестр бойында бастапқы әріптері келесі 13 әріпке сәйкес келеді: **«Б», «Ж», «К», «С», «А», «Қ», «М», «Д», «О», «Т», «Е», «Ө», «Ә»** әріпті сөздерді 1-топқа жатқызамыз. **8-кестенің** 5-бағанасында аталған сөздер қайталана қолданыла келіп, ауызша тіл мәтінінің **88,4979** пайызын қамтитынын анықтауға болады. Сол сияқты 2-топқа жиі кездесетін сөздердің абсолютті жиіліктері 3 орындық санға тең және сөздердің бастапқы әріптері әліпбидің келесі 12 әріпімен: **Н, Ш, Ф, Ү, П, Ұ, І, Р, И, Х, У, Л** сәйкес келетін сөздер тобын жатқызамыз, 3-топқа – 2 орынды орташа жиілікті әліпбидің 7 әріпінен (**З, Я, Ф, Э, Ы, Г, В**) басталатын

сөздерді және 4-топқа төменгі жиіліктегі 1 орынды сандарға тең, бастапқы әріптері әліпбидің 2 ғана әрпіне, яғни **Ц, Ю** әріптерінен басталып жазылатын реестрлік сөздерді жатқызамыз. Әрі қарай, осы аталған 4 топтың әрқайсысына қатысты сөздердің қайталана қолданылып, ауызша тіл мәтінін қамту пайыздарына қысқаша статистикалық сипаттама берейік.

8-кестенің 5-бағанасы мәліметтері бойынша 1-топқа жататын жоғары жиілікті және бастапқы әріптері **«Б», «Ж», «К», «С», «А», «Қ», «М», «Д», «О», «Т», «Е», «Ө», «Ә»** әріптерімен сәйкес келетін реестрлік сөздердің мәтін ішінде 1000-нан жоғары жиілікте кездесіп, мәтін көлемінің **88,4979** пайызын қамтып жатқанын осының алдында да айтқан болатынбыз. Енді 2-топтағы сөздер жоғары жиілікті болса да, біз оны жеке қарастыруды жөн санадық, сол себепті бұл топ сөздері әліпбидің **12** әрпінен **«Н», «Ш», «Ф», «Ү», «П», «Ұ», «І», «Р», «И», «Х», «У», «Л»** басталып жазылып, ауызша тіл мәтінінің **10,7361** пайызын, яғни шамамен алғанда **11** пайызын қамтып жатыр екен. Сол сияқты, 3-топқа төменгі жиілікті әліпбидің **7** әріпінен (**З, Я, Ф, Э, Ы, Г, В**) басталатын сөздер **8-кестенің** 5-бағанасындағы мәліметке қарағанда, барлық мәтіннің **0,754**-ақ пайызын қамтып жатқанына, яғни 1 пайызға да жетпейтінін, ал 4-топтағы бір орынды **Ц, Ю** әріптерінен басталып жазылатын сөздер өте сирек қолданыста болғандықтан, ауызша тіл мәтіндерінің өте аз көлемін ғана, яғни 1 пайызды да құрамай, бар болғаны **0,2** пайызын ғана қамтиды екен.

Кесте 8 – Сөздердің «Әліпбилі-жиілік сөздігіндегі» реестрлік бірлік топтарының (бастапқы әрпіне қарай) мәтін көлемін қамту статистикасы

№	Сөздердің бастапқы әріптері	Абсолютті жиілік	Сөздің мәтінді қамту пайызы (%)	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы (%)
1	Б	7213	14,4639	14,4639
2	Ж	4696	9,4167	23,8806
3	К	4462	8,9474	32,8280
4	С	4024	8,0691	40,8972
5	А	3960	7,9408	48,8380
6	Қ	3415	6,8479	55,6859

№	Сөздердің бастапқы әріптері	Абсолютті жиілік	Сөздің мәтінді қамту пайызы (%)	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы (%)
7	М	3195	6,4068	62,0927
8	Д	2964	5,9436	68,0363
9	О	2857	5,7290	73,7653
10	Т	2688	5,3901	79,1554
11	Е	2183	4,3775	83,5329
12	Ө	1454	2,9156	86,4485
13	Ә	1022	2,0494	88,4979
14	Н	866	1,7365	90,2344
15	Ш	793	1,5902	91,8246
16	Ғ	774	1,5521	93,3766
17	Ү	766	1,5360	94,9127
18	П	417	0,8362	95,7489
19	Ұ	393	0,7881	96,5369
20	І	369	0,7399	97,2769
21	Р	334	0,6698	97,9466
22	И	280	0,5615	98,5081
23	Х	140	0,2807	98,7888
24	У	120	0,2406	99,0295
25	Л	102	0,2045	99,2340
26	З	82	0,1644	99,3984
27	Я	72	0,1444	99,5428
28	Ф	54	0,1083	99,6511
29	Ә	53	0,1063	99,7574
30	Ы	51	0,1023	99,8596
31	Г	34	0,0682	99,9278
32	В	30	0,0602	99,9880
33	Ц	5	0,0100	99,9980
34	Ю	1	0,0020	100
		$\Sigma=49869$	100	

5 АУЫЗША ТІЛ МӘТІНДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ «ЖИІЛІКТІ-ӘЛІПБИ СӨЗДІГІНІҢ» СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Ауызша тіл мәтіні бойынша түзілген сөздердің «Жиілікті-әліпбилі сөздігінен» үзінді **9-кестеде** берілді, ал сөздіктің толық нұсқасы **қосымшада** берілген. Жоғарыда **1-тарауда** келтірілген жиілік сөздіктің анықтамасы бойынша, «жиілік сөздік» реестрінде сөздік бірліктер олардың мәтін ішінде қолданылуының абсолютті жиілігінің дәрежесіне қарай орналасады, яғни ең бірінші ретте мәтіндегі ең жиі қолданылған сөз орналасады да, ал екінші, үшінші ретте, т.б. орналасатын сөздер кездесу жиіліктерінің бірте-бірте кему дәрежесіне қарай реестр бойынан орын алады.

Кесте 9 – Ауызша тіл мәтіндегі сөздердің «Жиілікті-әліпби сөздігінен» үзінді

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
1	де/ет	1429	2,8655
2	бол/ет	1385	5,6428
3	мен/ес	1307	8,2637
4	ол/ес	1101	10,4714
5	сол/ес	813	12,1017
6	ал/ет	744	13,5936
7	айт/ет	705	15,0073
8	ғой/шл	603	16,2165
9	бір/са	575	17,3695
10	кел/ет	566	18,5045
11	да/шл	534	19,5753
12	енді/үс	531	20,6401
13	өзі/ес	511	21,6648
14	біз/ес	508	22,6834
15	керек/мд	406	23,4976
16	жок/мд	399	24,2977
17	кет/ет	377	25,0536
18	бер/ет	354	25,7635

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
19	бар/ес	351	26,4673
20	бар/ет	344	27,1572
21	кез/зт	340	27,8389
22	кейін/үс	306	28,4525
23	жүр/ет	303	29,0601
24	сіз/ес	302	29,6657
25	осы/ес	297	30,2613
26	не/ес	296	30,8548
27	отыр/ет	281	31,4183
28	түр/ет	273	31,9658
29	бұл/ес	269	32,5052
30	бала/зт	259	33,0245
31	жатыр/ет	257	33,5399
32	жанағы/сн	254	34,0492
33	де/шл	248	34,5465
34	сен/ес	244	35,0358
35	жер/зт	237	35,5110
36	мына/ес	237	35,9863
37	біл/ет	236	36,4595
38	бәрі/ес	233	36,9267
39	екен/ет	227	37,3819
40	ма/шл	227	37,8371
41	адам/зт	226	38,2903
42	көр/ет	216	38,7235
43	қазір/үс	202	39,1285
44	бірақ/шл	199	39,5276
45	жақсы/сн	199	39,9266
46	шық/ет	196	40,3196
47	қал/ет	193	40,7067
48	сондай/сн	193	41,0937
49	ана/зт	191	41,4767
50	емес/ет	190	41,8577
51	жат/ет	183	42,2246
52	үшін/шл	183	42,5916
3	иә/мд	182	42,9565

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
54	жұмыс/зт	180	43,3175
55	жақ/зт	179	43,6764
56	қой/ет	175	44,0274
57	қыз/зт	174	44,3763
58	жаса/ет	172	44,7212
59	тіл/зт	172	45,0661
60	ба/шл	169	45,4050
----	-----	-----	-----
3385	ыңғайсыз/сн	1	99,9418
3386	ырыздық/зт	1	99,9439
3387	ырым/зт	1	99,9459
3388	ырымда/ет	1	99,9479
3389	ыстықта/ет	1	99,9499
3390	ысыр/ет	1	99,9519
3391	ізет/зт	1	99,9539
3392	іл/ет	1	99,9559
3393	ілес/ет	1	99,9579
3394	іlestіp/ет	1	99,9599
3395	ілін/ет	1	99,9619
3396	ін/зт	1	99,9639
3397	іні-қарындас/зт	1	99,9659
3398	ірге/зт	1	99,9679
3399	іс-әрекет/зт	1	99,9699
3400	іс-шара/зт	1	99,9719
3401	іскерлік/зт	1	99,9739
3402	ісін/ет	1	99,9759
3403	ішкіз/ет	1	99,9779
3404	ішкіш/сн	1	99,9799
3405	ішік/зт	1	99,9820
3406	экономикалық/сн	1	99,9840
3407	экспонат/зт	1	99,9860
3408	электр/зт	1	99,9880
3409	электронды/сн	1	99,9900
3410	эмоция/зт	1	99,9920
3411	энергетикалық/сн	1	99,9940

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
3412	эпизодтық/сн	1	99,9960
3413	эссе/зт	1	99,9980
3414	юникод/зт	1	100

Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің жиілікті-әліпбилі сөздігі мәліметтері бойынша, жиілік сөздік бірліктері топтарының реестр бойы мен мәтін көлемін қамту пайыздарының статистикасын анықтап көрейік.

10-кестеде кестедегі статистикалық мәліметтерде мәтін көлемін қамту пайыздары арқылы реестр бойын қамту пайызын және ондай пайыздық дәрежеге сәйкес келетін сөздердің реестрдегі сөз санын анықтау көзделеді.

Кесте 10 – Жиілікті-әліпби сөздік» бойынша алдын ала белгіленген мәтін көлемін қамту пайызына сәйкес реестр бойын қамту пайызы

№	Реестрдегі рет саны	Реестр бойындағы сөз саны	Реестр бойын қамту пайызы	Мәтінді қамту пайызы
1	1-4	4	0,1172	10,4714
2	1-12	12	0,3515	20,6401
3	1-25	25	0,7323	30,2613
4	1-46	46	1,3474	40,3196
5	1-77	77	2,2554	50,2476
6	1-113	113	3,3099	60,1095
7	1-240	240	7,0299	70,0335
8	1-449	449	13,1517	80,0257
9	1-946	946	57,0006	90,0098
10	1-3414	3414	100	100

10-кестедегі статистикалық мәліметтер бойынша, 5-бағанадағы алдын ала берілген мәтінді қамту пайыздары: 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100 сандарына тең, ал енді мұндай пайыздар реестр бойының келесі пайыздарын қамтиды екен: 0,1%, 0,3%, 0,7%, 1,3%, 2,2%, 3,3%, 7%, 13,1%, 57%, 100%. Мұндай пайыздық дәрежеге

сәйкес келетін реестр бойындағы сөз саны: 4, 12, 25, 46, 77, 113, 240, 449, 946, 3414 сандарына тең. Мұндай статистикалық деректерді қорытындылайтын болсақ, сөз топтарының мәтінді қамту пайызы өскен сайын, оларға сәйкес келетін реестр бойындағы сөз және олардың реестр бойын қамту пайызы да өсіп отыратынын көреміз.

Кесте 11 – Сөздердің «Жиілікті-әліпби сөздігіндегі» реестрлік топтардың сөздік бойы мен мәтін көлемін қамту пайыздарының статистикасы

№	Абсолютті жиілігінің алатын орын саны	Реестр бойындағы әр топтың сөз саны	Әр топтың реестрді қамту пайызы	Әр топтың мәтінді қамту пайызы
1	$1429 \geq F_i \geq 1101$	4	0,1172	10,4714
2	$813 \geq F_i \geq 100$	88	2,5776	43,0608
3	$99 \geq F_i \geq 10$	597	17,4868	32,5433
4	9	67	1,9625	1,2092
5	8	72	2,1090	1,1550
6	7	75	2,1968	1,0528
7	6	107	3,1342	1,2874
8	5	116	3,3978	1,1630
9	4	218	6,3855	1,7486
10	3	276	8,0844	1,6604
11	2	524	15,3486	2,1015
12	1	1270	37,1998	2,5467
Қосындылары: 3414			100%	100%

Енді сөздердің «Жиілікті-әліпбилі сөздігіндегі» реестрлік топтардың сөздік бойы мен мәтін көлемін қамту пайыздарының статистикасын **11-кесте** бойынша қарастырайық. Аталған кесте 5 бағана мен 12 қатардан тұрады. 1-бағанада реестрлік топтардың рет саны көрсетілген, 2-бағанада әр топтың абсолютті жиіліктерінің 4, 3, 2 орынды аралық топтары және 1 орындылар жеке топ құрастындығы көрініс тапқан. Сол сияқты, 3-бағанада – реестр бойындағы әр топтың сөз саны; 4-бағанада – әр топтың реестр бойын қамту пайызы; 5-бағанада – әр топтың мәтінді қамту пайыздары жайлы сандық мәліметтер берілген. Осы мәліметтерге көңіл ауда-

рар болсақ, **2-тарауда** қарастырылған ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформалардың жиілік сөздігі бойынша алынған статистикалық деректер, статистикалық заңдылықтар, негізінен алғанда, автордың шығармасындағы *сөздерге* қатысты да өзгеріссіз қалды деуге де болады. Мәселен, ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформалар мен сөздердің мәтін ішінде ең жиі кездесетін топтары реестр бойын аз қамтығанымен, олардың мәтін көлемін қамту деңгейі жоғары екендігін, ал сирек кездесетін топтардың мәтін көлемін аз деңгейде қамтығанымен, абсолютті жиіліктері азайған сайын, реестр бойын айтарлықтай көп қамтитына көз жеткізіп отырмыз. Мысалы, **11-кесте** бойынша ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің 1-топтағы абсолютті жиіліктері **1429** пен **1101** сандардың аралығында жататын 4 сөз реестр бойының **0,1** пайызын, ал мәтіннің **10,5** пайызын қамтыған, ал соңғы 12-топтағы абсолютті жиіліктері 1-ге тең **1270** сөз реестр бойының **37** пайызын қамтыса да, мәтін көлемінің **2,5** пайызын ғана қамтиды екен.

6 АУЫЗША ТІЛ МӘТІНДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ «КЕРІ-ӘЛІПБИЛІ ЖИІЛІК СӨЗДІГІНІҢ» СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Келесі қарастыратынымыз – ауызша тіл мәтіндері сөздерінің «Кері-әліпбилі жиілік сөздігінің» деректері бойынша сөз таптарына қатысты статистикалық сипаттамалары.

Жиілік сөздіктің кері әліпбилі түрінде реестрлік сөзге (сөзтұлғаға) қосылған біркелкі жалғаулар мен жаңа сөз жасаушы, сөз түрлендіруші жұрнақтар немесе сөз соңына қойылған шартты белгілер бір жерге жинақталып берілуі тіл зерттеушілер үшін аса құнды тілдік мәліметтер деп саналады. Кері әліпбилі-жиілік сөздік морфологиялық категорияларды зерттеу кезінде және сөз тудырушы, сөз түрлендіруші морфемалардың өнімді не өнімсіздігін анықтау үшін де, сол сияқты терминдер мен басқа тілдерден енген сөздерге жалғанған қосымшалардың құрылымын талдауда да аса маңызды. Сонымен қатар тіл зерттеушіге қажетті деген тілдік мәліметтерді әрі толық, әрі тез түрде тауып алу үшін кері әліпбилі-жиілік сөздік тілдік қазына деуге болады.

Сөздердің жиілік сөздіктерін компьютер арқылы құрастыру ең алғашында **сөзформаның әліпбилі жиілік** сөздігін түзуден басталады. Сөзформадан сөздерді түбірге келтіру, яғни лемматизациялау және сөз табын қою жұмысын қолдап не жартылай, тіпті таза автоматты түрде жасауға болады. Автоматты түрде мұны морфологиялық анализаторлар жасайды. Алайда омонимдерді ажыратуда автоматта көп қате кетеді. Ал қолдап түбірге келтіріліп, сөз табы да зерттеушінің тілдік білігі арқылы қолдап қойылуы жиілік сөздіктің шынайылығына тиек болады.

Кері-әліпбилі жиілік сөздікте, алдыңғы тақырыптарда сөз болғандай, әліпби реті сөздердің соңғы әріптеріне негізделеді. Соңғы жағынан саналғандағы әліпбидегі «а» әрпімен бітетін сөздер сөздіктің басында тұрады. Сөз табы белгіленімі қойылғанда сол сөз табының шартты қысқартуындағы «а» әрпімен бітетін сөздер алдымен орналасады. Мәселен, қазақ тіліндегі сөз таптарының шарты қысқартуларын *зат есім – зт, сын есім – сн, сан есім – са, етістік – ет, үстеу – үс, еліктеуіш – ел, есімдік – ес, одағай – од, шылау сөздер – шл* деп белгілесек, осы сөз таптарының ішінде «а» әрпіне бітетін «са» (сан есімдер) сөз табы сөздікті бастайды.

Енді **3-кестедегі** ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің «Кері-әліпбилі жиілік сөздігінің» үзіндісіндей, осы сөздіктің толық нұсқасын пайдалана отырып, **12-кесте** арқылы реестрлік сөздердің қай сөз табына жатуына байланысты олардың реестр бойын қамту пайызының статистикасына тоқталайық.

Кесте 12 – Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің «Кері-әліпбилі жиілік сөздігі» бойынша сөз таптарының реестр бойын қамту статистикасы

№	Сөз таптары (/зт)	Реестр бойындағы сөз табы саны	Қосынды сөз табы саны	Реестр бойын қамту пайызы	Жиынтық реестрді қамту пайызы
1	Зат есім/зт	1530	1530	44,8155	44,8155
2	Етістік/ет	846	2376	24,7803	69,5958
3	Сын есім/сн	561	2937	16,4323	86,0281
4	Үстеу/үс	209	3146	6,1219	92,1500
5	Есімдік/ес	96	3242	2,8120	94,9619

№	Сөз таптары (/зт)	Реестр бойындағы сөз табы саны	Қосынды сөз табы саны	Реестр бойын қамту пайызы	Жиынтық реестрді қамту пайызы
6	Шылау/шл	68	3310	1,9918	96,9537
7	Сан есім/са	44	3354	1,2888	98,2425
8	Модаль сөздер/мд	26	3380	0,7616	99,0041
9	Одағай/од	19	3399	0,5565	99,5606
10	Еліктеуіш/ел	8	3407	0,2343	99,7950
11	Көмекші есім/ке	7	3414	0,2050	100
		3414		100	

Аталған кестеде 6 бағана және 11 қатар берілген: 1-бағанада – рет саны, 2-бағанада – сөз таптарының аттары, 3-бағанада – әрбір сөз табына жататын сөздердің реестр бойындағы саны, 4-бағанада – сөз табы сандарының жиынтық саны, 5-бағанада – әрбір сөз табына қатысты сөздердің реестрді қамту пайызы, 6-бағанада – жиынтық реестр бойын қамту пайызы. 3-бағанадағы әрбір сөз табына жататын сөздердің реестр бойындағы сандары біртіндеп кему тәртібімен орналасып, ал басқа бағанадағы сандар осы 3-бағанаға сәйкес қойылған. Сондықтан, **12-кесте** бойынша, реестр бойында ең жиі кездесетін 1-орынға орналасқан сөз табы – зат есім сөздер екен, оған жататын сөздер саны жиілік сөздікте – **1530**, осы сияқты реестрдегі жиілігі бойынша 2-орында тұрған сөздер – етістік сөздер екен. Мұндай қимыл мәнді сөздер ауызша тілдің жиілік сөздігінде **846** рет реестрде кездескен, 3-орында реестрде **561** рет кездескен – сын есім сөздер, үстеу сөздер – **209**, есімдіктер – **96**, шылаулар – **68**, сан есімдер – **44**, модаль сөздер – **26**, одағайлар – **19**, еліктеуіштер – **8**, көмекші есімдер – **7**. Бұл сөз таптарына жататын сөздер кестеде көрсетілгендей, реестрдегі сандары біртіндеп кему тәртібімен орналасқан.

Зат есімдер реестр бойының – **44,8%**; етістіктер – **24,7%**; сын есімдер – **16,4%**; үстеулер – **6,1%**; есімдіктер – **2,8%**; шылаулар – **1,9%**; сан есімдер – **1,8%**; модаль сөздер – **0,7%**; одағайлар – **0,5%**; еліктеуіштер – **0,23%**; көмекші есімдер – **0,2** пайызын құрайды.

Әрбір сөз табына қатысты сөздердің реестр бойында қайталана кездесу санын есепке алсақ, олардың 6-бағанада алғашқы үш сөз

табы (зт., ет., сн.) реестр бойының **86** пайызын алып жатқанын көруге болады. Ал реестр бойының қалған **14** пайызы үстеу, есімдік, шылау, сан есім, модаль сөздер, одағай, еліктеуіш, көмекші есімдерден тұрады.

Келесі қарастыратынымыз – **13-кесте** мәліметтері бойынша, ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің «Кері-әліпбилі жиілік сөздігі» бойынша сөз таптарының мәтінді қамту статистикасы. Егер **12-кесте** арқылы сөз таптарының реестр бойын қамту статистикасына сипаттама берілсе, енді жеке сөз таптарына жататын сөздердің мәтінде қайталана қолданыла келіп, мәтін көлемінің қанша пайызын қамтитынын анықтайық. 2, 3, 4, 5 және т.б. көлденең жолдарындағы сөз таптарына қатысты сөздердің бірігіп қолданған жағдайындағы мәтінді қамту пайызын **13-кестенің** 5-ші және 6-шы бағаналары арқылы анықтай аламыз.

Мысалы, әр сөз табына қатысты сөздердің қайталана қолданылуының негізінде мәтін ішінде ең жиі кездесетін 3 сөз табына (**етістік, зат есім, есімдік**) қатысты айтатын болсақ, олар жеке тұрып мәтіннің **29,7379; 26,2047; 15,9899** пайыздарын қамтыса, ал бірігіп қолданылған жағдайда, олардың мәтінді қамту пайыздары: **етістік** пен **зат есім** біріге қолданылғанда мәтіннің **55,94256953** пайызын қамтиды, ал **етістік, зат есім, есімдікке** қатысты сөздердің біріге қолдану жағдайында мәтіннің **71,93246305** пайызын қамтитынына көз жеткізе аламыз. Сол сияқты, мәтінде сирек кездескен сөз таптарына қатысты (**көмекші есім, одағай, еліктеуіш**) сөздердің қайталана қолданылып, мәтінді қамту пайызы да аз шамада екенін де **13-кестеден** анықтауға болады, яғни олардың мәтінді қамту пайызы **0,5314**, яғни **1** пайызға да жетпейді екен.

Кесте 13 – Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздердің «Кері-әліпбилі жиілік сөздігі» бойынша сөз таптарының мәтінді қамту статистикасы

№	Сөздің бастапқы әріптері	Абсолютті жиілік	Қосынды абсолютті жиілік	Мәтінді қамту пайызы	Жиынтық мәтінді қамту пайызы
1	Етістік	14830	14830	29,7379	29,73791333
2	Зат есім	13068	27898	26,2047	55,94256953
3	Есімдік	7974	35872	15,9899	71,93246305

№	Сөздің бастапқы әріптері	Абсолютті жиілік	Қосынды абсолютті жиілік	Мәтінді қамту пайызы	Жиынтық мәтінді қамту пайызы
4	Сын есім	3924	39796	7,8686	79,80107883
5	Шылау	3742	43538	7,5037	87,30473841
6	Үстеу	3259	46797	6,5351	93,83986043
7	Модаль сөздер	1468	48265	2,9437	96,78357296
8	Сан есім	1339	49604	2,6850	99,46860775
9	Көмекші есім	156	49760	0,3128	99,78142734
10	Одағай	99	49859	0,1985	99,97994746
11	Еліктеуіш	10	49869	0,0201	100
		$\Sigma=49869$		100%	

Ауызша тіл мәтіндерінен түзіліп отырған жиілік сөздіктің лексикалық құрамына статистикалық талдау жасайтын болсақ, **14-кестеден** жиналған **50915** сөзқолданыстан тұратын мәтіндердің құрамын:

- 1) Төл сөздер;
- 2) Қысқарған сөздер;
- 3) Оним сөздер;
- 4) Орыс сөздері;
- 5) Терминдер

деп бөлуге болады. Ал бұл аталған топтардың ішінен жиілік сөздіктің негізгі бөлімінің реестріне төл сөздер мен терминдер ғана алынды. Орыс сөздері – ауызша сөйлеу кезінде қазақша тілдесімде аралас қолданылған ауызша тіл элементтері. Оларды біз жиілік сөздіктің реестріне алмай, өз алдына қосымша тізімде беріп отырмыз. Алайда бұл тізімнен де ауызша тілде қандай орыс сөздерін қаншалықты жиі қолданамыз деген сұраққа жауап алуға болады.

Оним сөздер – ауызша тілдесімде қолданылған жалқы есімдер, атап атқанда, кісі аттары, жер-су, қала т.б. атаулар болып келеді. Әдетте онимдер түсіндірме сөздіктердің құрамына алынбайды, яғни онимдер қазақ тілінің ерекше тілдік қабатын құрайды. Сондықтан онимдер біз құрастырып отқан жиілік сөздіктің негізгі реестрлік құрамына кірмеді. Себебі оним сөздердің қолданысы жиілікке

алынған мәтіндердің тақырыптарымен, мәтіндегі оқиғамен тікелей байланысты болып келеді. Яғни алынған мәтіндер бойынша мына оним жиі қолданылған деп шартты түрде ғана айтуға болады. Алайда ауызша тіл мәтіндерінен тілдесім кезінде жалпы онимдерді қаншалықты дәрежеде қолданатынымызды анықтауға болады.

Жиілік сөздіктің төл сөздерден басқа негізгі реестріне енгені – терминдер. Өйткені терминдер қазақ тілінің сөздік құрамына енген кірме сөздер болып табылады. Әдетте терминдер сөздіктердің реестріне енеді. Жиілік сөздіктің негізгі реестріне алынған сөздердің абсолютті жиіліктері – **49869**. Бұл санның құрамында төл сөздер мен терминдер бар. Мұның ішінде термин сөздердің абсолютті жиіліктері – **1392** сөзқолданысты қамтыса, төл сөздер – **48477** сөзқолданысты қамтиды. Ал оним сөздер – 700 сөзқолданыс, орыс сөздері – 325 сөзқолданыс, қысқарған сөздер – 21 сөзқолданыстан тұрады. Жалпы бәрін қосқанда жиілік сөздік құрастыру үшін жинақталған ауызша тіл мәтіндерінің көлемі – **50915** сөзқолданысты қамтиды.

Кестедегі статистикалық мәліметтер бойынша талдау жасайтын болсақ, ең жоғарғы жиілікті төл сөздер құрайды екен, 5-бағанадағы 95,2 пайызды, соған сәйкес жиілік сөздіктегі 4-бағанадағы деректер бойынша, реестр бойының 77,1 пайызын алады, реестр бойындағы сөз саны да басқа қатардан жоғары – 3077 сөз, абсолютті жиілігі – 48477. **14-кестенің** бағаналарына жазылған осы аталған талаптар бойынша екінші орында терминдер тұр. Терминдердің абсолютті жиіліктері – 1392 ге тең, реестр бойындағы сөз саны – 377, реестр бойын қамту пайызы – 8,4 пайыз, мәтінді қамту пайызы – 2,7. Ал 3-ші, 4-ші, 5-ші көлденең қатарда тұрған оним сөздер, орыс сөздері, қысқарған сөздердің бағаналардағы сандық көрсеткіштері азая береді, мәтінді қамту пайызы бойынша 1,3 пен 0,04 пайыз аралығын көрсетеді. Бұл кестеден байқайтынымыз – аталған лексикалық қабаттардың абсолютті жиіліктерінің кему тәртібіне сәйкес, олардың реестр бойындағы сөз саны да, реестр бойын қамту пайызы да, мәтінді қамту пайызы да кему береді екен.

Кесте 14 – Ауызша тіл мәтіндері жиілік сөздігінің лексикалық құрамының статистикасы

Сөз құрамы	Сөздердің абсолютті жиіліктері	Реестр бойындағы сөз саны	Реестр бойын қамту пайызы	Мәтінді қамту пайызы
Төл сөздер	48477	3077	77,1178	95,2116
Терминдер	1392	377	8,4461	2,7340
Оним сөздер	700	334	8,3709	1,3748
Орыс сөздері	325	223	5,5890	0,6383
Қысқарған сөздер	21	19	0,4762	0,0412
Жалпы	50915	4030	100	100

14-кестедегі статистикалық мәлеметтерді қорытындылар болсақ, мәтінді қамту пайызы тұрғысынан төл сөздердің тілдесімнің **95** пайызын алуы – ол қазақ тілді тілдесім екенінің көрсеткіші, ал терминдердің басқа лексикалық қабаттардан пайыздық көрсеткішінің (**2,7**) төл сөздерден кейін орын алуы – оның кірме сөздер бола тұра, қазақ тілінің сөздік қорына етене сіңіп, сол түпнұсқа күйінде қолданылуының көрінісі, ал оним сөздердің қолданылуы – ауызша тілдесімде адам аттары мен жер-су атауларының, яғни объектілер мен субъектілердің тілдесімді құрайтын компоненттер болатындығы, қазақша тілдесімде орыс сөздерінің кездесуі – әсіресе ауызша тілдесімге орыс тілі элементтерінің етене сіңіп алғандығының көрінісі болып табылады.

7 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАЗБА ТІЛДІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІКТЕРІ МЕН АУЫЗША ТІЛДІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІКТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Қазақ тілінде жарық көрген жиілік сөздіктерге салыстырмалы талдау жасау тілдік бірліктердің статистикалық бейнесіне, яғни тілдегі статистикалық заңдылықтарды дәйектей түсудің кілті болып табылады. Тілдік бірліктерге статистикалық талдауларды әр қырынан қарастыруға болады. Айталық, әріптердің жиілігіне қатысты, әріп тіркестерінің жиілігіне қатысты, тіпті тілдегі буын,

қосымшалардың жиілік сипаты, сөз, сөзформалардың қолданыстағы кездесу жиілігі т.б. Біз негізінен ауызша тіл мәтіндері бойынша сөз бен сөзформалардың қолданыс жиілігіне статистикалық талдау жасадық. Қазақ тілінде бұрын жарық көрген сөздіктер негізінен жазба мәтіндер бойынша, яғни көркем шығармалар, публицистикалық мәтіндер, ғылыми мәтіндер бойынша жасалған. Біз ауызша тілді осы жазба тіл мәтіндерінен сөздердің жиілік статистикасының ұқсастығы не айырмашылықтарын анықтауды мақсат етіп қойдық. Жиілік сөздіктің түрлері бойынша біз **2.1; 2.2** тараушаларда біз сөзформа мен сөздердің статистикалық сипаттамасында:

а) бастапқы әріптері бойынша кездесу жиілігіне және ол топтардың реестр бойы мен мәтінді қамту пайыздарына;

ә) сөздер мен сөзформалардың жиілігі бойынша реестр бойы мен мәтінді қамту пайыздарына;

б) сөз таптарының жиілігі мен реестр және мәтінді қамту пайыздарына талдау жасаған болатынбыз.

Алайда жазба тіл мәтіндерінің жиілік сөздіктерін өзіміз құрастырып отырған ауызша тілдің жиілік сөздігімен аталған статистикалық сипаттамалар бойынша түгелдей салыстыру қиындық тудырады. Біз осы статистикалық сипаттамалардың ең маңыздысы болып табылатын сөздердің жиілікті-әліпбилі сөздігінің мәлеметтерімен ғана салыстырып шығуды жөн көрдік.

70-жылдары қазақ тілінде Қ.Бектаев, А.Қ.Жұбанов, Ә.Ахабаев С.Мырзабеков, А.Белботаев сынды зерттеушілер жиілік сөздіктер құрастыру ісімен айналысып, ертегі тілінің, публицистика тілінің, математика терминдерінің жиілік сөздіктері, сонымен қатар олардың ішіндегі көлемдісі болып саналатын Абай тілі сөздігінің жиілік сөздігі, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексінің жиілік сөздіктері жарық көрген болатын. Бұл сөздіктер ХХ ғасырдың сүбелі статистикалық еңбектері болып табылады. М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының жиілік сөздігіне жазушының көркем шығармаларымен қатар, публицистикалық шығармалары да енді, барлығы 2 миллионнан аса сөзқолданыс қамтылған. Ал бұл сөздіктен басқа аталған жиілік сөздіктерге алынған мәтіндері көлемі бұдан әлдеқайда аз. Сондықтан біз ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздігін осы жылдары жарық көрген жиілік сөздіктердің ішінде М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының жиілік сөздігімен салыстырамыз.

М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағы бойынша әртүрлі сөздіктер алу жұмысын ҚР ҰҒА-ның А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Статистика тобы 1986 жылы қолға алған болатын. Сол жұмыстың нәтижесінде «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» (22 баспа табақ) 1995 жылы жарық көрді [30].

Кесте 15 – М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларының жиілік сөздігінен үзінді

СӨЗ/сөз табы	Барлығы
бол/ет	38944
де/ет	31901
бұл/ес	22893
е/ет	21649
өз/ес	20471
да/шл	18254
ал/ет	17958
кел/ет	17797
де/шл	17293
ол/ес	17269
сол/ес	15599
мен/ес	14717
айт/ет	14273
бер/ет	11925
бір/ес	10293
бір/са	10244
отыр/ет	10082
тұр/ет	8742
сөз/зт	8575
кет/ет	8571
жүр/ет	8536
шық/ет	8221
қал/ет	7974
көр/ет	7628
бар/ет	7378
көп/сн	7302

Тізбедегі 29483 сөз (жалқы есімді қоспағанда) жиіліктерінің кему ретімен орналасқан.

Бұл жиілік сөздікте бірінші орында **«бол»** етістігі тұр. Ол М.Әуезовтің шығармалар жинағының мәтіндерінде 38944 рет қайталанып кездеседі екен, бұл барлық мәтіннің 2,28%-ін құрайды. Екінші орында **«де»** етістігі мәтінде 31901 рет кездеседі (1,87%). Осы екі етістік барлық мәтіннің 4,15%-ын қамтыған. Сөздіктегі осы сияқты ең жиі кездесетін әртүрлі сөздердің барлық сөзқолданыстың қанша пайызын қамтитынын жиілік сөздіктен көруге болады. Тек қана тізбедегі алғашқы 10 сөз (**бол/ет., де/ет., бұл/ес., е/ет., өз/ес., да/шл., ал/ет., кел/ет., де/шл., ол/ес.**) барлық мәтіннің 13%-ын қамтиды. Ал осы сияқты сөздіктің бас жағында тұрған 31 сөз мәтіннің 1/4-ін яғни 25%-ын, 174 сөз - 1/2%-ын, яғни 50%-ын, 1292 сөз - 80%-ын қамтитынына көз жеткізуге болады.

Ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздігіндегі ең жиі кездесетін сөздерге салыстырмалы талдау жасау үшін біз төменде жоғарыда аталған XX ғасырдың ең көлемді жиілік сөздігі – М.Әуезовтің шығармалар жинағының жиілік сөздігінен басқа, XXI ғасырда жарық көрген жаңа жиілік сөздіктер деректірін бермекпіз.

Жоғарыда аталған жиілік сөздіктерден кейін қазақ тілінде жиілік сөздіктер құрастыру ісі біраз уақыт тоқтап қалды. 2016 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінде профессор А.Қ.Жұбановтың жетекшілігімен бұрын-соңды қазақ тілінде жарық көрген жиілік сөздіктердің басын **біріктіру** арқылы әртүрлі стильдерді қамтитын біртұтас жиілік сөздік құрастырылып, кітап түрінде жарық көрді [20]. Бұл сөздік **«Қазақ тілінің жиілік сөздігі»** деп аталады.

Төменде сол жиілік сөздіктегі жиі кездесетін сөздердің бастапқы бөлігінен үзінді береміз. «Қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен» жиілігі 10 000-нан жоғары сөздер мыналар. **16-кесте.**

Кесте 16 – «Қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен» үзінді

СӨЗ/сөз табы	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
бол/ет.	47716	2,2695
де/ет.	40178	4,1805
бұл/ес.	26338	5,4332

СӨЗ/сөз табы	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
е/ет.	26122	6,6756
өз/ес.	23635	7,7997
кел/ет.	22566	8,8730
ал/ет.	22522	9,9442
ол/ес.	22262	11,0031
да/шл.	22013	12,0501
де/шл.	20282	13,0147
сол/ес.	17723	13,8577
мен/ес.	17341	14,6825
айт/ет.	16410	15,4630
бір/са.	15276	16,1895
бер/ет.	14691	16,8883
отыр/ет.	12382	17,4772
осы/ес.	11818	18,0393
жок/мд.	11415	18,5822
сөз/зт.	11309	19,1201
тұр/ет.	11022	19,6443
кет/ет.	10635	20,1501
жүр/ет.	10555	20,6522
бір/ес.	10344	21,1442

Көріп отырғанымыздай, бұл сөздікте де *бол* және *де* етістіктерінің жиілігі өте жоғары. Жиілік бойынша жоғары қолданысты *көмекші етістіктер, есімдіктер, шылаулар* құрайды. 20-дан астам кестеде берілген сөздер жалпы мәтін көлемінің 20 пайыздан астамын құрайды.

Жоғарыда аталған «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» бұрынғы жарық көрген жиілік сөздіктердің басын қосу арқылы, біріктіріліп құрастырылған жиілік сөздік болды, жаңа мәтіндер алынбады. Сондықтан бұл сөздік қазіргі қолданысты қаншалықты шынайы сипаттайды деген сұрақ туған болатын. Осы ретте қазақ тілінің барлық стилін қамтитын жаңа жиілік сөздік құрастыру ісі әлі де күн тәртібінен түспеген болатын.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тіліміздің қолданыс қызметін арттыру мақсатындағы заманауи қажеттіліктерге сәйкес қолданбалы

бағыттағы ғылыми жобаларға ерекше мән беріліп отырғандығы белгілі. Бұл ретте 2016 жылы Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің идеясымен мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістемесін жасау мақсатында лексика-грамматикалық минимумдар үшін қажетті қазақ тілінің жиілік сөздігін құрастыру ісі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына тапсырылды. Осы тапсырма бойынша орындалған зерттеулер нәтижесінде институт «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» құрастырды [21].

«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» құрастыруға сөздіктің базасына көркем әдебиет, публицистикалық стиль, ғылыми, публицистикалық, сөйлеу стильдер мәтіндері алынды, яғни қазақ тілінің 5 функционалдық стилін қамтиды. 36265 сөзтізбеден (сөз, лексикалық бірлік) тұратын бұл сөздік дәстүрлі жиілік сөздіктер түрлері - үш түрлі құрылымда (Әліпбилі-жиілік сөздік; Жиілікті-әліпбилі сөздік; Кері әліпбилі-жиілік сөздік) түзілді. Сонымен қатар әрбір стиль бойынша «Таралым сөздігі» (Распределительный словарь) де жасалды. Сонымен қатар неше түрлі сөз таптары мен стильдер бойынша түрлері, сондай-ақ өте көлемді сөзформалар сөздігі электрондық нұсқада жасалып, кітап сөздікте қалташаға қоса салынып берілді.

Енді осы аталған «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінің» жиілікті-әліпбилі сөздік түрінен ең жиі кездесетін жиілігі 20 000-нан жоғары сөздерден үзінді берейік. **17-кесте.**

Кесте 17 – «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен» үзінді

СӨЗ/сөз табы	Барлығы
бол/ет	108133
ол/ес	62796
мен/шл	58406
де/ет	46200
ал/ет	43359
бер/ет	40295
және/шл	39765
кел/ет	34526
де/шл	33943
бұл/ес	32850

СӨЗ/сөз табы	Барлығы
да/шл	32109
жыл/зт	30882
бір/ес	30288
өз/ес	29594
тұр/ет	28643
сөз/зт	26107
осы/ес	25995
адам/зт	25614
қазақ/зт	25069
айт/ет	23421
білім/зт	22915
үшін/шл	22598
кет/ет	22105
ел/зт	22098
отыр/ет	22038
қандай/ес	21378
екен/ет	21328
біз/ес	21267
сол/ес	20532

Бұл сөздікте де **бол** көмекші етістігінің жиілігі басқаларына қарағанда өте жоғары. Бұл кестеден де көмекші **етістіктер, шылаулар** мен **есімдіктердің** жоғары қолданыстағы сөздер екендігін байқаймыз. Бұл жиілік сөздіктің статистикалық мәліметтері де жоғарыда берілген біріктірілген «Қазақ тілінің жиілік сөздігіндегі» көрсеткіштермен ұқсас болып келеді.

Бұл «Жалпы білім берудегі жиілік сөздік» аты айтып тұрғандай, мемлекеттік тілді оқытуда лексикалық минимумдар жасау мақсатында жасалған болатын. Бұл сөздікке осы мақсатқа сәйкес мектеп оқулықтары мәтіндері көбірек алынды. Мәтін көлемі 7 миллион сөзқолданысты құрады, яғни көлемі үлкен деуге болады. Алынған көлемге сәйкес қамтылған реестр сөз саны да көп. Жиілік сөздіктер құрастыруда сөздерді түбірге келтіру арқылы ғана сөздік алу аса қиындық тудырмас еді. Алайда сөзбен қатар олардың белгілі бір сөз табына қатысын көрсету де лингвистикалық қажеттілік тудырады. Осы орайда аталған жиілік сөздікте сөз тап-

тары белгіленімін енгізу біршама қиындық тудырған болатын. Бұл қиындық тілдегі омоним сөздер мен омографтарға қатысты туындайды. Айталық, **қара** сөзін сөз табы тұрғысынан сын есім деп белгілейміз бе, әлде етістік деп белгілейміз бе! Әсіресе, **қара** етістігі түбір тұлғада тұрғанда оның етістік не сын есім екенін қалай білуге болады деген проблемалар.

Жиілік сөздік жасаудың әдіс-тәсілдері әртүрлі. Соның бірі – мәтінді сөзформалар сөздігіне түсіріп, сөзді түбірге келтіру. Екіншісі – мәтінді морфологиялық анализатор арқылы өткізіп, түбір мен оған қойылатын сөз табы белгісімен бірге автоматты жолмен алу. Біріншісі көп қол жұмысын керек етеді. Мұндайда қосымша жалғанғанда түбір сөздердің омонимдерін ажырату мүмкін болса, түбір формадағы сөздерге келгенде олардың сөз табына қатысын анықтау қиын болады.

Екіншісі оңай, тез жүзеге асырылғанмен, жүз пайыздық шынайылықты бермейді. Бұл әдісте те омонимдер автоматты түрде ажыратылмайды. Автоматты жолмен омонимдері ажыратылған жиілік сөздіктерді тек омоним ажыратылған мәтіндерден ғана алуға болады.

Осы орайда Қолданбалы лингвистика бөлімі қызметкерлері проза жанры (М.Әуезов, Ә.Кекілбаев т.б.) бойынша **500 000 сөзқолданыстан** тұратын мәтіндерге «қолдап» морфологиялық белгіленім қойып, сол мәтіннен, яғни сөз таптарына қатысы 100 пайыз дұрыстықты көрсететін мәтіннен жиілік сөздік құрастырды [44]. Осы **шағын жиілік сөздіктің** үзіндісімен таныс болайық.

Кесте 18 – Қазақ тіліндегі сөздің жиілікті-әліпбилі сөздігінен үзінді

№	Сөз/Сөз табы	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
1	2	3	4
1	<i>бол/ет.</i>	666	2,320
2	<i>де/ет.</i>	541	4,204
3	<i>еді/ет.</i>	479	5,873
4	<i>кел/ет.</i>	407	7,290
5	<i>бір/са.</i>	352	8,516
6	<i>ал/ет.</i>	335	9,683

№	Сөз/Сөз табы	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
7	<i>да/шл.</i>	334	10,846
8	<i>бұл/ес.</i>	299	11,888
9	<i>тұр/ет.</i>	240	12,724
10	<i>өз/ес.</i>	238	13,553
11	<i>де/шл.</i>	231	14,357
12	<i>сол/ес.</i>	231	15,162
13	<i>отыр/ет.</i>	224	15,942
14	<i>жам/ет.</i>	218	16,701
15	<i>ол/ес.</i>	215	17,450
16	<i>осы/ес.</i>	214	18,196
17	<i>көр/ет.</i>	193	18,868
18	<i>қал/ет.</i>	179	19,491
19	<i>үй/зт.</i>	178	20,111
20	<i>айт/ет.</i>	176	20,724
21	<i>бер/ет.</i>	171	21,320
22	<i>жоқ/мд.</i>	166	21,898
23	<i>күн/зт.</i>	166	22,476
24	<i>шық/ет.</i>	163	23,044
25	<i>кет/ет.</i>	161	23,605
26	<i>жүр/ет.</i>	144	24,107
27	<i>көз/зт.</i>	144	24,608
28	<i>жер/зт.</i>	143	25,106
29	<i>қара/ет.</i>	136	25,580
30	<i>іш/зт.</i>	135	26,050
31	<i>бала/зт.</i>	132	26,510
32	<i>бас/зт.</i>	131	26,966
33	<i>біл/ет.</i>	119	27,381
34	<i>көп/сн.</i>	118	27,792
35	<i>сөз/зт.</i>	115	28,192
36	<i>бар/ес.</i>	114	28,589
37	<i>ауыл/зт.</i>	113	28,983
38	<i>бар/ет.</i>	113	29,377
39	<i>мен/шл.</i>	113	29,770
40	<i>түс/ет.</i>	109	30,150
41	<i>үлкен/сн.</i>	109	30,529
42	<i>соң/шл.</i>	105	30,895

№	Сөз/Сөз табы	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
43	<i>қыл/ет.</i>	99	31,240
44	<i>бар/мд.</i>	98	31,581
45	<i>жақ/зт.</i>	97	31,919
46	<i>ат/зт.</i>	94	32,247
47	<i>екі/са.</i>	91	32,564
48	<i>ет/ет.</i>	90	32,877
49	<i>сал/ет.</i>	89	33,187
50	<i>қой/ет.</i>	88	33,494
51	<i>не/ес.</i>	86	33,793
52	<i>алды/ке.</i>	84	34,086
53	<i>ел/зт.</i>	84	34,378
54	<i>баста/ет.</i>	81	34,660
55	<i>өт/ет.</i>	81	34,943
56	<i>кісі/зт.</i>	79	35,218
57	<i>бірақ/шл.</i>	75	35,479
58	<i>мен/ес.</i>	74	35,737
59	<i>кір/ет.</i>	73	35,991
60	<i>ақ/сн.</i>	72	36,242
61	<i>қол/зт.</i>	71	36,489
62	<i>енді/ус.</i>	67	36,722
63	<i>жол/зт.</i>	67	36,956
64	<i>адам/зт.</i>	64	37,179
65	<i>бет/зт.</i>	63	37,398
----	-----	----	-----
4510	<i>ірік/ет.</i>	1	99,962
4511	<i>ірікте/ет.</i>	1	99,965
4512	<i>ірілік/зт.</i>	1	99,969
4513	<i>іріткі/зт.</i>	1	99,972
4514	<i>іс/ет.</i>	1	99,976
4515	<i>істік/зт.</i>	1	99,979
4516	<i>іші-бауыр/зт.</i>	1	99,983
4517	<i>ішін-жсе/ет.</i>	1	99,986
4518	<i>экономикалық/сн.</i>	1	99,990
4519	<i>январь/зт.</i>	1	99,993
4520	<i>япырай/од.</i>	1	99,997
4521	<i>япырау/од.</i>	1	100
	Барлығы:		28710

Бұл шағын сөздіктегі сөздердің жиілікті-әліпбилі сөздігі бойынша, *18-кестеде* мәтіннің 50 пайызын құрайтын жиі кездесетін сөздер тізімі (150-ші *топ* деген сөзге дейін) түгел берілген, ал 60, 70, 80, 90, 100 пайызын қамтитын сөздер үзік түрінде қысқартылды. Жиілігінің кему тәртібіне қарай сөздер **10 топқа** топтастырылып берілген. Ең алғашқы топқа жиілік сөздіктегі ең жиі кездесетін «*бол*» етістігі жатады, ол мәтін ішінде **666 рет** қолданылып, жалғыз өзі мәтіннің **2,320** пайызын құрайды. Бұдан бұрын шыққан сөздіктерде де *бол* етістігі ең жоғарғы жиілікті көрсеткен болатын. *Бол* етістігінің жоғары жиілікті көрсетуі оның көмекші етістік болып, грамматикалық мағына үстеуші қызметімен тікелей байланысты деуге болады. Өйткені жиі қолданылу, грамматикалық абстракция жасайтын грамматикалық бірліктерге тән қасиет. Жиілік сөздікте *бол* етістігі сияқты жоғары жиілікті көрсетіп тұрған сөздер – осы көмекші етістіктер болып табылады. Мысалы, *де, еді, кел, ал, тұр, отыр, жатыр, көр, айт, бер, шық, кет, жүр, бар, тұс, қыл, сал, қой, баста* т.б. Сол сияқты жиілік сөздікте шылаулардан *да, де, мен, бірақ, зой, қарай, ғана, және, тағы* шылаулары, сондай-ақ есімдіктерден *бұл, өз, сол, ол, осы, бар, мен* сөздері жиі кездескен. Бұл жиілік сөздік тек көркем шығарма мәтіндерінен алынғандықтан, термин сөздер аз, мүлде кездеспейді десе де болады.

Енді ауызша тіл мәтіндері жиілік сөздігіндегі жиі кездесетін сөздердің бастапқы бөлігінен үзінді беру арқылы жоғарыдағы сөздіктермен салыстырамыз.

Кесте 19 – Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөздің жиілікті-әліпбилі сөздігінен үзінді

№	Сөз	Абсолют-ті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
1	де/ет	1429	2,8655
2	бол/ет	1385	5,6428
3	мен/ес	1307	8,2637
4	ол/ес	1101	10,4714
5	сол/ес	813	12,1017
6	ал/ет	744	13,5936

№	Сөз	Абсолют-ті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
7	айт/ет	705	15,0073
8	ғой/шл	603	16,2165
9	бір/са	575	17,3695
10	кел/ет	566	18,5045
11	да/шл	534	19,5753
12	енді/үс	531	20,6401
13	өзі/ес	511	21,6648
14	біз/ес	508	22,6834
15	керек/мд	406	23,4976
16	жок/мд	399	24,2977
17	кет/ет	377	25,0536
18	бер/ет	354	25,7635
19	бар/ес	351	26,4673
20	бар/ет	344	27,1572
21	кез/зт	340	27,8389
22	кейін/үс	306	28,4525
23	жүр/ет	303	29,0601
24	сіз/ес	302	29,6657
25	осы/ес	297	30,2613
26	не/ес	296	30,8548
27	отыр/ет	281	31,4183
28	тұр/ет	273	31,9658
29	бұл/ес	269	32,5052
30	бала/зт	259	33,0245
31	жатыр/ет	257	33,5399
32	жаңағы/сн	254	34,0492

Ауызша тіл мәтіндерінің жиілік сөздігі бойынша да ерекше көзге түсетін басқа жиілік сөздіктермен аздап өзгеше жайт – *бол* көмекші етістігінің жиілігі бойынша екінші орынға орынға шығуы. Жоғарыда аталған жазба тілдің жиілік сөздіктері мәліметтерімен салыстырсақ, *де* етістігінің жиілігі ауызша тілдің жиілік сөздігінде бірінші орынды иеленіп, *бол* етістігі екінші орынға ығысқан. Алайда біздің ойымызша, *де* етістігінің ауызша тіл сөздігінде бірінші орынға шығуы оның *де* шылауымен омонимдік қатар құраумен

де байланысты. Сондықтан, біздің ойымызша, *бол* етістігінің ең жоғарғы жиілікті көрсетуі – жазба тілдің жиілік сөздіктеріне де, сол сияқты ауызша тілдің жиілік сөздігіне де тән құбылыс.

Ауызша тілдің жиілік сөздігінде бұл жоғары жиіліктегі екі сөзден басқа ең жиі кездесетін сөздер, олар – басқа жазба тілдің жиілік сөздіктердің мәліметтеріндей, көмекші етістіктер, есімдіктер, шылаулар болып келеді екен. Мысалы, көмекші етістіктерден – *бол, де, ал, кел, кет, бер, бар, жүр, отыр, тұр, жатыр, көр, шық, қал, қой, біл, жаса* сөздері; есімдіктерден – *ол, сол, өзі, біз, сіз, осы, бұл, сен, мына, ана*; шылаулардан – *ғой, да, де, ба, бірақ, үшін* сөздері.

Ауызша тілдің жиілік сөздігінің осы аталған барлық жиілік сөздіктерге ортақ жиі кездесетін көмекші етістіктер, есімдіктер, шылаулардан басқа мына сөздердің жиі қолданылатына жоғарыдағы кестеден көз жеткізуге болады. Ол сөздер көбіне ауызша тілдесімге тән сөздер. Мысалы: *жаңағы, ғой, сондай, айт, енді, керек, жоқ, иә, кез, жер, бәрі, қазір, жақсы, емес, жақ* т.б. сөздер.

Ал енді жазба тілдің жиілік сөздіктерінде жоғары жиілікте кездескен сөздер осы ауызша тілде жиі кездескен сөздерден ерекшеленеді, жазба тілдің жиілік сөздіктерінде:

- 500 сөзқоланыстан алынған жиілік сөздікте (негізінен М.Әуезов, Ә.Кекілбаев шығармаларының мәтіні) – *үй, күн, көз, бала, бас, сөз, ауыл, ат* сөздері;

- «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде» - *жыл, адам, қазақ, білім* сөздерінің жиі кездесуі;

- біріктірілген «Қазақ тілінің жиілік сөздігінде» - *сөз, күн, жер, үй, бас, адам, бала, халық* сөздерінің;

- С.Сәдуақасұлының шығармаларында – *қазақ, сөз, жер, ауыл, жұмыс, күн, адам, шаруа, халық, үй, іс, жұрт, мәселе, ұйым* сөздерінің жиі кездесуі байқалады.

Жоғарыдағы лексикалық бірліктердің жиі кездесу ерекшеліктерін салыстырсақ, ауызша тілде ой байланыстырудың құралы болатын *жаңағы* сөзінің, нақтылау мәнді *ғой* демеулігінің жиі қолданылуы, мақұлдау мен мақұлдамау мәнді *иә, жоқ* сөздерінің жиі кездесуі, осы шақтағы әрекетті білдіретін *қазір* үстеуінің, жалғасымды әрекетті сипаттау алдындағы *енді* үстеуінің жиі қолданысы көрініс табады. Бұл ерекшеліктер басқа жазба тілге де

тән көмекші етістіктер, шылау, есімдіктерді есепке алмағанда. Яғни бұдан біз тұрмыстық тілдесімде тек осы сөздерді жиі қолданамыз деген түсінік тумауы керек. Аталған ауызша тілге өзіне тән ерекшеліктермен бірге, жазба тіл жиілік сөздіктеріне тән ерекшеліктер де негізінен тән болып келеді. Қысқасы, жалпы сөз жиілігінде жазба тілде де, ауызша тілде де біз сөз байланыстырушы, сілтеуші, демеуші, грамматикалық мән үстеуші тілдік бірліктерді жиі қолданады екенбіз.

Кесте 20 – Жиілік сөздіктердің салыстырмасы кестесі

М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларының жиілікті-әліпбилі сөздігінен	Қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен	Қазақ тіліндегі көркем стильдің жиілікті-әліпбилі сөздігінен	Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен	Ауызша тілдің жиілікті-әліпбилі сөздігінен
бол/ет	бол/ет.	бол/ет.	бол/ет	де/ет
де/ет	де/ет.	де/ет.	ол/ес	бол/ет
бұл/ес	бұл/ес.	еді/ет.	мен/шл	мен/ес
е/ет	е/ет.	кел/ет.	де/ет	ол/ес
өз/ес	өз/ес.	бір/са.	ал/ет	сол/ет
да/шл	кел/ет.	ал/ет.	бер/ет	ай/ет
ал/ет	ал/ет.	да/шл.	жане/шл	айт/ет
кел/ет	ол/ес.	бұл/ес.	кел/ет	ғой/шл
де/шл	да/шл.	тұр/ет.	де/шл	бір/са
ол/ес	де/шл.	өз/ес.	бұл/ес	кел/ет
сол/ес	сол/ес.	де/шл.	да/шл	да/шл
мен/ес	мен/ес.	сол/ес.	жыл/эт	енді/үс
айт/ет	айт/ет.	отыр/ет.	бір/ес	өзі/ес
бер/ет	бір/са.	жат/ет.	өз/ес	біз/ес
бір/ес	бер/ет.	ол/ес.	тұр/ет	көрек/мд
бір/са	отыр/ет.	осы/ес.	сөз/эт	жоқ/мд
отыр/ет	осы/ес.	көр/ет.	осы/ес	кет/ет
тұр/ет	жоқ/мд.	қал/ет.	адам/эт	бар/ет
				осы/ес

Сонымен қатар жоғарыда аталған барлық сөздікте сөз таптарына қатысты мына жайтты аңғаруға болады. Ол – *зат есім, етістік, есімдік, сын есімдердің* жиі кездесуі. Сөз табы белгіленімі қойылған жиілік сөздіктерден кері-әліпбилі сөздік алғанда, бірдей белгіленген сөз таптары бір жерде тұрады, сөз таптарының статистикасы осындай кері-әліпбилі жиілік сөздіктер арқылы жасалады. Жиілік сөздіктерге статистикалық талдау жасауда сөз таптарына қатысты байқалатын ерекшелік, есімдіктер реестр бойын қамту пайызы жағынан жоғары пайыздық көрсеткішке ие болмайды, яғни бұл тілдегі есімдік сөздердің аз болуымен байланысты. Алайда есімдіктер қолданыста жиі кездесуі жағынан етістік пен сын есімдерден кейін тұрады, басқа сөз таптарынан басып озады. Демек, тілдесімде адамдар есімдік сөздерді қолдануға бейім болады екен.

Тұрақты жоғары жиілікті зат есімдер мен етістіктер алып тұр

деп тұжырымдауға болады. Өйткені бұл екі сөз табы реестр бойынша қамту пайызы тұрғысынан да, мәтінді қамту пайызы тұрғысынан да 1-ші және 2-ші орынды иеленеді. Демек, біз зат есім мен етістіктерді тілдесімде жиі қолданып қана қоймай, сонымен қатар сөздік қорда олардың саны да көп екен.

Бұл деректерден қазақ тілінің сөз байлығы зат есім мен етістік сөздер екендігіне көз жеткіземіз.

8 Ауызша тіл мәтіндеріндегі әріптер жиілігі

Қазақ тіл білімінде әріптерді статистикалық тұрғыдан зерттеудің тарихы 1973 жылы жарық көрген «Қазақ тексінің статистикасы» атты еңбектен басталады. А.Қ.Жұбановтың (мақалада А.Х. Джубанов) «К вопросу о графемной статистике казахского текста», Қ.Бектаев пен С.Ризаевтың «Диалектілердің бір тілге жатуының критерийі жайында», А.Исеналиеваның «Фонемалардың салыстырмалы жиілігін анықтаушы факторлар», Э.Жұбанованың «Қазақ тілінің әріп және дыбыс құрамының жалпы статистикасы» атты еңбектерінде қазақ тілінің әртүрлі стильдеріне қатысты әріп жиіліктеріне зерттеу жүргізілген.

Қ.Бектаев пен С.Ризаевтың «Диалектілердің бір тілге жатуының критерийі жайында» атты еңбекте түркі диалектологиясына статистикалық талдаулар жүргізуге арналған. Авторлар түркі тілдерінің ішінде өзбек тілінің говорларында қолданылатын фонемалардың жиілігін анықтаған және қазақ тіліндегі фонема жиіліктерімен салыстырған [45, 646 б]. Авторлар өзбек тілімен салыстыру үшін қазақ ертегілерінен 20707 дыбыс қолданыстан (фонемоупотребление) тұратын мәтіннен қазақ тіліндегі фонемалардың жиілігін анықтаған. **21-кесте.**

Кесте 21 – Ертегі мәтіні бойынша қазақ әріптерінің жиілігі

А	12 235
Е	7976
Н	7165
Ы	6306
І	6166
Т	4978
Р	4944

Д	4934
С	3978
Л	3853
П	3592
М	3018
Б	2994
Қ	2892
Й	2882
Ұ	2834
О	2173
К	2041
Ү	2013
Ң	1835
Ғ	1704
З	1560
Ш	1560
Ж	1444
Ө	1424
У	937
Г	927
Ә	719
X (h)	14
И	9

Ертегілер мәтнінде көріп отырғанымыздай, *в, ф, ц, ч, ь, ъ* әріптері мүлдем кездеспеген.

Әріп жиілігіне қатысты А.Исенгельдина «Факторы, определяющие относительную частотность фонем» атты мақаласында қазақ ертегілері мен ғылыми мәтіндегі (автор ғылыми проза деп алады) фонемалардың жиілігі салыстырылған. Ертегі мәтінінен 20 707 фонема, ғылыми прозадан 13 049 фонема көлеміндегі мәтін алынып, оларға фонологиялық транскрипция жасалған. Мақала авторлары екі жанрдағы дауысты және дауыссыздардың статистикасын салыстыра талдау жанрлық ерекшелік бойынша, дауыстылардың арасында дауыссыздарға қарағанда көп айырмашылық жоқ екенін анықтайды. Дауысты дыбыстардың жиілігі екі жанрда көп айырым таппайды, барабар қолданылады.

И фонемасы ертегілер тілінде кездесуі жоқтың қасы. Ал ғылыми

прозада кірме сөздерде қолданылған. Авторлар ертегілер мәтінде *ф, в, ч, ц, щ* әріптері мүлде кездеспеуіне қатысты бұл дыбыстардың қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде жоқ дыбыстар, байырғы қазақ мәтіндерінде аталмыш дыбыстардың кездеспеуі заңдылық екенін, олардың орыс тілінен енген сөздермен бірге кіргендігін жанрлық статистикалық деректер арқылы негіздейді [46, 662 б]. Жанрлық ерекшелік ретінде *n* фонемасының ертегі мәтінде көп кездесуі ертегілер сюжетінің өткен шақтағы оқиғаларды баяндауымен байланыстырады, яғни *деп, депті* етістіктерінің есебінен деген тұжырым жасайды. А.Исенгельдинаның статистикалық мәліметтері бойынша қазақ дыбыстарының жиілігі төмендегіше [46, 661 б]. **22; 23-кесте.**

Кесте 22 – Ертегі және ғылыми проза мәтіні бойынша қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жиілігі

Әріп	Ертегі	Ғылыми проза
А	12,23	12,01
Е	7,98	6,48
Ы	6,30	6,54
І	6,17	5,79
Ұ	2,83	2,73
О	2,17	2,55
Ү	2,01	1,82
Ө	1,42	2,06
И	0,01	0,61
У	-	0,41

Кесте 23 – Ертегі және ғылыми проза мәтіні бойынша қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жиілігі

Әріп	Ертегі	Ғылыми проза
Н	7,17	6,25
Т	4,98	6,06
Л	3,85	5,03
Р	4,94	5,01
Д	4,93	4,72
С	3,98	4,28
Қ	2,89	3,35

Әріп	Ертегі	Ғылыми проза
Б	2,99	3,05
Й	2,88	3,04
М	3,02	2,61
Ғ	1,70	2,36
К	2,04	2,28
Ң	1,83	1,87
Ж	1,44	1,72
З	1,56	1,70
П	3,59	1,53
У	0,94	1,48
Ш	1,56	0,99
Г	0,93	0,34
Ф	0,00	0,11
Х	0,27	0,09
В	0,00	0,07
Ч	0,00	0,03
Ц	0,00	0,03
Һ	0,01	0,00
Щ	0,00	0,03

Берілген фонемалардың статистикасының жанрлық ерекшеліктеріне қарай жоғарыдағы А.Исенгельдинаның айтқан пайымдауларынан басқа да түрлі бағыттағы зерттеулер барысында әртүрлі теориялық тұжырымдар шығаруға болады.

А.Жұбановтың “К вопросу о графемной статистике казахского текста” атты еңбегінде әріптердің статистикасы жайлы мәліметтер берілген [47]. Ғалым қазақ тілінің үш түрлі стилі (жанр) мәтіндеріндегі әріптердің жиілік сөздігін құрастырып, жанрлық статистикалық ерекшеліктерін салыстырады. Олар:

1) М.О.Ауезовтің “Абай жолы” романы мәтіні (**51290** сөзқолданыс немесе **280812** әріп);

2) математика пәніне арналған мектеп оқулықтарының мәтіні (**19467** сөзқолданыс немесе **130388** әріп);

3) қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінің мәтіні (**17585** сөзқолданыс немесе **116317** әріп).

А.Қ.Жұбанов тәжірибе түрінде алынған стильдер мәтіндерінің

тең көлемді болмауының себебі, олар толық түрдегі шығармалар болуымен түсіндіріледі. Сондықтан мәтіндер ішіндегі тілдік бірліктердің (әріптердің) сандық сипаттары жайлы мәлімет алу үшін олардың қатынастық жиіліктері (немесе пайыздық салмақтары) арқылы пайымдалғандығын ескертеді. Мақалада қазақ тілінің үш стилі бойынша компьютер көмегімен түзілген қазақ әріптерінің жиілік сөздігінен үзінді алынып, жиі кездесетін он әріптің жиілігі бойынша статистикалық талдау жасалған. **24-кесте.**

Кесте 24 – Қазақ тілінің үш стилі (жанр) бойынша түзілген қазақ әріптерінің жиілік сөздігінен үзінді

Әріптердің мәтінді қамту пайызы (%)								
Роман			Математика			Сөздік		
Әріп аты	Әріптің %	Жиынтық %	Әріп аты	Әріптің %	Жиынтық %	Әріп аты	Әріптің %	Жиынтық %
А	13,2	13,2	А	11,0	11,0	А	13,0	13,0
Е-Ё	8,1	21,3	Е- Ё	8,3	19,3	Т	7,1	20,1
Ы	7,5	28,8	Н	8,2	27,5	У	7,0	27,1
Н	7,1	35,9	Ы	7,4	34,9	Е-Ё	6,3	33,4
І	6,0	41,9	Д	5,4	40,3	Ы	6,1	39,5
Т	5,0	46,9	І	5,3	45,6	Р	6,0	45,5
Р	4,8	51,7	Р	5,3	50,9	Л	6,0	51,5
Д	4,6	56,3	Т	5,2	56,1	С	4,5	56
Л	4,2	60,5	Л	5,1	61,2	Қ	4,1	60,1
С	4,1	64,6	С	4,4%	65,6	Н	4,1	64,2
Қосындысы:	65%				66%			64%

Кестеде ең жиі кездесетін әріптер олардың жиіліктерінің кему тәртібімен орналасқан. Кестеде он әріптің әрбіреуінің және олардың жиынтықтарының мәтінді қамту пайыздық салмағы көрсетілген. Кестедегі мәліметтерге сүйенсек, қазақ әліпбиіндегі **40** әріптің тек **10-ы** ғана әр стиль бойынша алынған мәтіндердің **64-66** пайыздарын қамтитынын байқауға болады. Ал көркем әдебиет (роман) стилі мен ғылыми-техникалық (математика) стилінде ең жиі қолданыс табатын: **а, е-ё, ы, н** төрт әріп (үш дауысты, бір дауыссыз) барлық мәтіннің **35-36** пайызын қамтиды екен.

А.Жұбанов мақалада жеке графемалардың жиілігін талдай келе, кейбір дауысты және дауыссыздардың басқа дыбыстарға қарағанда

жиі қолданатынын айтады: «Оған мысал ретінде “**әмбебап**” дауыстылар деп аталатын (**а, е-ё, ы, і**) дыбыстарды айтуға болар еді. Мұндай графемалардың мәтін ішінде (сөз ішінде) қолданылуының қосынды нәтижесі: романда – **34,8%**; математикада – **32,0%**; сөздікте – **29,0%**. Егер біз қарастырған мәтіндердегі барлық дауысты дыбыстардың қолданылу жиілігінің пайыздық қосындысы – **43,14%**; **43,19%** және **44,60%** екенін ескерсек, **әмбебап** аталатын **а, е-ё, ы, і** төрт дауысты дыбыстардың қолданылу дәрежесін өте жоғары деп санауға әбден болады» [48].

Сол сияқты сирек кездесетін әріптер – в, х, ч, һ, щ, ц сияқты дауыссыз дыбыстар, э, ю, я – дауыстылар және ь-ъ белгілері басқа тілдерден (орыс, араб-иран) енген кірме сөздерде ғана кездесетіндігін олардың пайыздық салмағы бір пайыздан да аз дәрежеде қолданылғандығымен түсіндіреді.

Қазақ тілінде статистика салысымен айналысқан ғалымдар әріп жиілігінен басқа әріп тіркесі бойынша да жиілік сөздіктерін құрастырды [49], [50]. Сонымен қатар Қ.Бектаев қазақ тіліндегі буын жиілігіне қатысты зерттеу жүргізген [51]. Сөздердің морфологиялық құрылымына қатысты Қ.Бектаев, Ә.Ахабаев [52], Ә.Ахабаев есімдіктердің морфологиялық құрылымына талдау жасады [53]. С.Мырзабеков туынды түбір етістіктердің құрылымына статистикалық талдау жүргізді [54]. А.Белботаев ғылыми-техникалық стильдегі сын есім аффикстерінің қолданылуын қарастырды [55]. Е.Жұбанов пен А. Жұбанов М.Әуезовтің «Абай жолы» романында қолданылған сын есімдердің формаларына статистикалық талдау жасаған [56].

Тіл – дамып отыратын динамикалық құбылыс. Сондықтан тілдегі кейбір құбылыстарды әркез қайта қарастырып, ондағы өзгерістер мен жаңалықтарды тіркеп, реттеп отыру қажет. Осы ретте жаңа мәтіндер бойынша А.Шәріпбаев әріп жиілігіне қатысты деректер келтіреді [57].

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі қазақ жазуын реформалау қарсаңында әріптерді пернетақтада тиімді орналастыру мәселесіне қатысты заманауи мәтіндерден қазақ әріптерінің жиілік сөздігін «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінің» бір түрі ретінде алынған үлкен бір нәтиже – «Сөзформалардың жиілік сөздігінің» (7 миллион сөзқолданыс) мәтінінен алды [58].

Кесте 25 – «Қазақ тіліндегі әріптердің жиілікті-әліпбилі жиілік сөздігі

№	Әріп	Жиілігі	Мәтінді қамту пайызы
1	а	4880817	12,222
2	е	3215319	20,274
3	ы	3083788	27,996
4	н	2637217	34,600
5	і	2406532	40,627
6	т	2344764	46,498
7	р	2230781	52,085
8	л	2003751	57,102
9	д	1852718	61,742
10	с	1624641	65,810
11	қ	1358272	69,212
12	м	1248970	72,339
13	к	1124873	75,156
14	б	988938	77,633
15	о	977459	80,080
16	п	705871	81,848
17	й	670705	83,527
18	ж	665282	85,193
19	ң	656231	86,837
20	ғ	649818	88,464
21	у	649304	90,090
22	з	647203	91,711
23	ш	535909	93,053
24	г	466954	94,222
25	и	465621	95,388
26	ө	415207	96,428
27	ұ	378179	97,375
28	ү	350733	98,253
29	ә	325023	99,067
30	я	127352	99,386
31	х	74418	99,572
32	ц	41504	99,676
33	ф	38612	99,773
34	в	30012	99,848

№	Әріп	Жиілігі	Мәтінді қамту пайызы
35	э	25518	99,912
36	ь	14201	99,947
37	ю	11861	99,977
38	һ	3000	99,985
39	ъ	2575	99,991
40	ч	2225	99,997
41	щ	853	99,999
42	ё	475	100

Жоғарыдағы **25-кестеде** әріптер жиілік санының кему тәртібімен орналасқан. Мәтіндегі кездесу жиілігі үшінші бағанда, төртінші бағанда мәтінді қамту пайызы берілген. Кестедегі әріп жиілігіндегі көрсеткіштерге назар аударсақ, бұның алдында жасалған әріптердің статистикалық талдауларындағыдай қазақ тілінде ең жиі кездесетін әріп – А фонемасы. Одан кейінгі орында – Е, Ы фонемалары. Ал Ө, Ұ, Ү дыбыстарының сирек кездесуі қазақ тілінде ерін үндесітігінің жазуда сақталмауынан болар деп ойлаймыз. Яғни бұл дыбыстар түбір сөздер құрамында болғанмен, қосымшалар құрамында езулік дыбыстармен жазылғандықтан, аз санды көрсетіп отыр. Ал дауыссыздар ішінде ең жиі кездесетін әріп Н фонемасы, Т, Р, Л әріптері жиілігі бойынша екінші орында. 30-орында тұрған Ә-төмен тұрған әріптердің барлығы (я, х, ц, ф, в, э, ь, ю, һ, ъ, ч, щ, ё) кірме әріптер. Ә әрпінің сирек кездесуі де бір жағынан қосымшаларда кездеспеуінен болуы да мүмкін [статистикалық негіздері].

Енді төменде біз әріп жиілігін ауызша тіл мәтіндері бойынша алған жиілік кестемен (**26-кесте**) толықтырып, сонымен қатар бұрын алынған әріп жиіліктерімен салыстырмақпыз.

Кесте 29 – Ауызша тіл мәтіндері бойынша әріптердің жиілікті-әліпбилі сөздігі

№	Әріп	Жиілік	%
1	а	33964	12,0453
2	е	24544	20,7497
3	ы	19143	27,5387
4	н	19137	34,3256

№	Әріп	Жиілік	%
5	і	18786	40,9880
6	д	14631	46,1769
7	р	13471	50,9544
8	т	13355	55,6907
9	л	12598	60,1585
10	с	11632	64,2838
11	м	11248	68,2729
12	о	8918	71,4356
13	б	8660	74,5069
14	к	8390	77,4824
15	қ	8030	80,3302
16	й	7585	83,0202
17	з	5945	85,1286
18	п	5633	87,1263
19	ж	5001	88,8999
20	ғ	4447	90,4770
21	ң	4169	91,9555
22	ш	3252	93,1088
23	ө	2930	94,1480
24	г	2834	95,1530
25	у	2763	96,1329
26	и	2492	97,0167
27	ү	2448	97,8849
28	ә	2137	98,6428
29	ұ	1941	99,3311
30	я	851	99,6329
31	х	384	99,7691
32	ф	168	99,8287
33	в	162	99,8862
34	ц	140	99,9358
35	ь	59	99,9567
36	э	58	99,9773
37	ю	33	99,9890
38	ч	22	99,9968
39	щ	8	99,9996
40	h	1	100
41	ë	0	100

№	Әріп	Жиілік	%
42	ъ	0	100

1-бағанада әріп таңбаларының қатар саны **42**-ге тең, ал екінші бағанадағы әріптердің орналасу тәртібі олардың жиіліктерінің ең үлкен шамасынан біртіндеп кему дәрежесімен орналасқан.

Жиілік сөздікті үш зонаға: ең жоғары, орташа және төмен деп шартты түрде бөліп, 1-топқа жоғарғы зонадағы **5** орыннан тұратын **11** әріпті, яғни абсолютті жиіліктері он мыңнан көп, бірақ елу мыңнан аз болып келетін аралықты ($10000 < F_i < 500000$) алады. **25-кестедегі** деректерге қарағанда аталған **11** әріп қайталана қолдану нәтижесінде ауызша тіл мәтіндерінде **192509** рет кездескен, бұл барлық мәтіннің **68,27%-ын** қамтиды.

Осы сөздіктің ортаңғы зонасына (2-топ), яғни әріптердің қолдану дәрежесін орта шама деп шартты қабылдау негізінде әріптердің мәтіндегі абсолютті жиілігі **1000**-нан көп, бірақ **10000**-нан аз болып келетін ($1000 < F_i < 10000$) аралығы, яғни сөздіктегі қатар сандары **12**-ден **29**-ға тең **4** орынды **18** әріп алынған. Бұл әріптер қайталана қолданылу негізінде барлық ауызша тіл мәтнінде **87575** рет қолданылып, мәтіннің **31,05 %-ын** қамтиды.

Сөздіктің үшінші – ең төмен жиілікті зонасына рет сандары **30** бен **42** аралығына тең **12** әріп шартты түрде алынған. Бұл әріптер негізінен кірме сөздерде қолданыс табатын әріптер қатарына жатады және барлық мәтіннің тек **1886** әріптік көлемін немесе мәтіннің **0,66** пайызын ғана қамтиды, яғни кестедегі **30** бен **42** аралығында тұрған **я, х, ф, в, ц, ь, э, ю, ч, щ, h, е (йо), ь** әріптері ауызша тіл мәтіндерінің 1 пайызын да қамтымайды екен. Бұл әріптердің ішінде **ь, е(йо)** әріптері мүлде кездеспеген, **h** – 1 рет қана қолданылған, ал **щ** – 8 рет, **ь, э, ю, ч** әріптері ондық жиілікпен төменгі жиілікті көрсетеді.

Енді қазақ тілінде жасалған әріп жиілігіне қатысты статистикалық деректерді салыстырмалы түрде төмендегі **27-кесте** арқылы көрсетсек:

Кестеден көріп отырғанымыздай, берілген әріптер жиілігінің 4 нұсқасынан да алғашқы **A** мен **E** дауысты дыбыстары тұрақты түрде жоғары жиілікпен 1-ші, 2-ші орындарда тұр. 3-ші орындағы **Ы**-әрпі ертегі мәтнінде 4-ші орынға ығысқан да, қалған 3-еуінде бірдей 3

қатарда. **Н** әрпі керісінше 3-еуінде 4-ші орында да, ертегі мәтінде 3-ші орынға шыққан. Сол сияқты **І** әрпі де 3-еуінде бір қатарда 5-ші орында, әрі қарай әріптердің көлденең қатардағы орындары кейбірінде бірдей келіп, кейбірінде келесі әріптермен орын ауысып келген, бірақ жиіліктерінің кему тәртібімен орналасқан көлденең қатарлардың маңынан орын алған. Яғни әртүрлі жиілік сөздіктерде жиілік дәрежесі жағынан бір-бірінен бірер санға өзгеріс болғанмен, ол өзгерістер аса алшақтық тудырмайды. Мысалы, барлығында да **Ә** әрпі, сол сияқты еріндік дауыстылар (**Ұ, Ү, Ө**) орташа жиілікті көрсетсе, ең төменгі жиілікте кірме әріптер тұр.

Кесте 27 – Қазақ тіліндегі графемалардың (әріптердің) жиілік сөздіктерінің жиіліктері кему тәртібімен орналастырылған салыстырмалы кестесі

№	Ауызша тіл мәтіндеріндегі сөзформалардың жиілік сөздігі	Жалпы білім берудегі жиілік сөздіктегі сөзформалар	Ертегі	«Жасанды интеллект» орталығы жасаған әріп жиілігі
1	а	а	а	а
2	е	е	е	е
3	ы	ы	н	ы
4	н	н	ы	н
